



Ербол РАХЫМБЕКОВ, Шымкент қалалық сотының төрағасы:

«ЗАҢ МЕН СОТ АЛДЫНДА АДАМДАРДЫҢ БӘРІ ТЕҢ»

5-бет

ЗАҢ


ZANMEDIA.KZ

№19-20 (3447-3448) 11 наурыз 2022

газеті

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН МЕКТЕПТІ ЖАҢАРТУДЫ «МӘСЛИХАТ ҚҰПТАМАДЫ»




Әлем озық технологиясымен, жаңа жетістіктерімен жарысып жатқанда Қазақстанның кейбір мектептері тозығы жеткен ғимараттың зарын айтып, тиісті нәтижеге қол жеткізе алмай отыр. Талғар ауданы, Кеңдала ауылындағы №38 мектептің сынық орындықтары мен шірік парталарын кеңес өкіметінің көзі дерсіз. Қыстың суығы ұрып, жел азынап тұрған ғимарат, ондағы оқушы мен ұстаздың жайкүйін айтып, мектеп ұжымы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат АЙМАҒАМ-БЕТОВКЕ базына жазды.

(Жалғасы 3-бетте)

СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫ
ҚОЛДАУҒА МҰҚТАЖ

3-бет



ЦИФРЛАНДЫРУ — КЕШЕНДІ
ӨЗГЕРІСТЕР ДРАЙВЕРІ

6-бет

ҚЫЗЫЛОРДАША



КИДНЕППИНГ

8-бет

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ

Серік АЛПЫСОВ, қаржы полициясының отставкадағы полковнигі:

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОБА ЖАСАУ ҰШАҚ ОЙЛАП ТАБУМЕН БІРДЕЙ»

Бізге экономиканы әртараптандыру, қаржы-қаражат, осы салалардағы заңсыздықтар мен құқықбұзушылықтар, мемлекеттік ұстаным, кемшіліктер мен жетістіктер төңірегіндегі тұщымды әңгімені отставкадағы қаржы полициясының полковнигі Серік Алпысов сауатты талдап, сараптап берді. Білікті маман – Қазақстанды дамыту, әлеуметтік-экономикалық жағынан бәсекеге айналдыру, осы бағыттағы құқықтық қатынастар төңірегінде жазылған бірнеше сараптамалық, оқу-әдістемелік кітаптардың авторы. Өзінің соңғы кітабында ол Қазақстанды бай, қуатты Норвегиямен салыстырады. Мұның себебін ғалым былай түсіндіреді.

Қаржы-несие саясаты
жолға қойылмаған

– Қазақстан сияқты Норвегия да мұнай мен газға бай ел. Олардың ЖІӨ көлемі жан басына шаққанда 75 мың долларды құраса, бізде 9 мың доллардың көлемінде. Біз 7-8 жылдан бері мұнайды Норвегиядан көбірек өндіріп келеміз. Бізде Норвегияда жоқ көп дүниелер бар. Бірақ біздің тұрмысымыз олардан төмен. Олардың зейнетақы қорындағы қаржы 1,3 трлн доллар болса, біздікі 95 млрд доллар көлемінде. Сондықтан ең алдымен біз

де сондай ел бола аламыз ба деген сауал төңірегінде ой қозғадым. Екінші, екі елдің негізгі табысының көзі, оны кім, қайда жұмсайтынын және билік органдарының құқықтары мен құзыры, табысы, тұрмыс жағдайы, сөз бостандығы, денсаулық, білім беру сияқты 30 шақты негізгі халықаралық рейтингтерін салыстырдық. Үшінші, олардың бізден қалай озып кеткеніне жауап іздеп, Қазақстан Үкіметіне өз ұсыныстарымызды айттық. Бұл кітаптың маңыздылығы, меніңше, осында.

Менің негізгі мамандығым – заңгер. Бірақ экономикаға студент кезімнен бастап қызықтым. Кеңес

дәуірінде кеңшарлардың ысырапқорлығын көріп, неге ақша дұрыс есептелмейді деп жүретінмін. Бұл кейін шаруашылық есеп экономикасын зерттеуге жетеледі. 1997 жылы Жоғарғы Кеңес депутаты болған Татьяна Квятковскаяның «Отечество» деген газетінің екі нөміріне «Инфляциядан саясат пен инвестицияға дейін» деген зерттеу мақалам да шықты. Осылайша байлығымыз ұстағанның қолында, тістегенің аузында кетпесе екен деп осы үшін күресіп жүргендерге әдістеме болсын деген мақсатпен 2005 жылы «Экономика саласындағы қылмыстарды анықтау мен тергеу бойынша әдістемелік нұсқаулық» деген кітабым шықты. Сондай-ақ Парламент Сенатының Конституциялық заңнама, сот жүйесі мен құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Серік Байсейітұлы Ақылбайға «Көп заңнама сіздің қолыңызда тұр, соны бірлесіп өзгертейік» деген өтініш жасап, бірлесіп жазған «Қазақстан Республикасының антикоррупциялық саясаты» деген тағы бір кітабым 2006 жылы шыққан болатын.

(Соңы 4-бетте)

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Жанель АБЫКЕЕВА,
ҚР Ұлттық ұланы 7552
әскери бөлімінің әскери
лазарет басшысы:

«ӘСКЕРГЕ ЖАРАМАҒАНЫНА ҚУАНУ – НАМЫССЫЗДЫҚ»

– Жанель Өмірқұлқызы, әңгіме-мізді Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының бүгінгі жағдайынан бастасаңыз?

– Ұлттық ұланның тарихы тәуелсіздіктен бастау алады. Ішкі істер министрлігінің 1992 жылы құрылған ішкі әскері 2014 жылы ҚР Ұлттық ұланы болып қайта құрылымдалды. Содан бері біздің сарбаздар елде болып жатқан төтенше жағдайларды жоюға қатысып, апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізіп келеді. Мысалы, Арыстағы, Жамбыл облысындағы жарылыстар, т.б. апаттарда Ұлттық ұланның сарбаздары алғашқылардың бірі болып көмекке барды.

(Соңы 6-бетте)

КОДЕКСТЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТТЫ



Сайдыбатгал ТОҚБЕРГЕНОВ,
Шымкент қаласы,
Елбekші аудандық сотының төрағасы

Мемлекет басшысы өзінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында жыныстық зорлық-зомбылық, педофилия, есірткі тарату, адам саудасы, әйелдерге қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық, браконьерлік және басқа да ауыр қылмыстарға, әсіресе, балаларға қатысты қылмыстарға қолданылатын жазаны шұғыл түрде қатайту қажеттігін атап өткен болатын. Осы бағыттағы шараларды іске асыру мақсатында 2019 жылдың 27 желтоқсанында «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданып, 2020 жылдың 11 қаңтарынан бастап қолданысқа енді. Қылмыстық кодекске енгізілген өзгерістер бойынша жыныстық қатынасқа қатысты қылмыстар ауыр қылмыстар санатына өтті. Ал балаларға қарсы жасалған осындай қылмыстар аса ауыр қылмыстар санатына жатқызылды. Зорлау және жыныстық сипаттағы күш қолдану әрекеттері үшін ең

төменгі жаза мерзімі 5 жыл боп белгіленді, бұған дейін 3 жыл болатын. Бұрын балаларды зорлау қылмысы бойынша жаза мерзімі 17-20 жыл аралығын қамтитын. Енді ондай қылмыс жасағандар 20 жылға немесе өмір бойына бас бостандығынан айыруға жазаланады. Осы тұста айта кететін жайт, бұл санаттардағы қылмыстар бойынша татуласуға жол берілмейді. Сонымен қатар, көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған адамның масаң күйде көлік құралын басқаруы, сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамның басқаруына жол бергені үшін белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделіп отыр.

Қылмыстық кодекс мал ұрлығы бо-

лықтағы қылмыс қатарына ауыстырылып, ол үшін 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы енгізілді. Сондай-ақ, топпен жүріп заңсыз аң аулаушылардың ісі ауыр қылмыстар қатарына өтіп, ол үшін 6 жылдан 10 жылға дейінгі аралықта бас бостандығынан айыру жазасының белгіленуі де табиғатты қорғауға серпін береді деген үміт бар. Ал табиғат инспекторларына бағынбау, өміріне қауіп төндіру енді полиция қызметкерлері мен арнайы мемлекеттік орган қызметкерлеріне, әскери қызметкерге қарсы келумен пара-пар. Соған сай жаза да қатандатылған.

Алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйде көлік құралын басқарып, біреуді абайсызда мерт қылса, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан он жыл мерзімге айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не

Табиғат инспекторларына бағынбау, өміріне қауіп төндіру енді полиция қызметкерлері мен арнайы мемлекеттік орган қызметкерлеріне, әскери қызметкерге қарсы келумен пара-пар.

йынша арнайы 188-1-баппен толықтырылып отыр. Бапта қылмыстың 4 құрамы көрсетілген. Өзгенің малын жасырын ұрлау қылмысы үшін 5 жылға дейін бас бостандығынан айыру және мүлкін тәркілеу жазасы көзделген. Ал алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған, сондай-ақ ірі мөлшерде жасалған қылмыс үшін 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру, мүлкін тәркілеу жазасы қарастырылған және тараптардың ымыраласуына мүмкіндік қарастырылмаған. Ал, бірнеше рет немесе мал қораға кіріп жасалса, мүлкі тәркіленіп, 10 жылға дейінгі мерзімге, аса ірі мөлшерде және қылмыстық топ болса, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген. Сондай-ақ, табиғатқа залал келтіргендерге де жаза қатайтылған. Заңсыз аңшылық (ҚК-нің 337-бабы) пен заңсыз балық аулау (ҚК-нің 335-бабы) қылмыстық теріс қылық ретінде емес, енді орташа ауыр-

сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Дәл осы әрекет екі немесе одан да көп адамның өліміне әкеп соғатын болса, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан өмір бойына айыра отырып, 7 жылдан 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады. Қылмыстық заңнамаға есірткіге жарнама жасауға қатысты жаңа бап енгізіліп отыр. Себебі соңғы кездері интернетте де, гимнараттардың қабырғасында да есірткі заттарының жарнамасы көбейіп кетті. Енді ондай әрекеттердің жазасы ауыр болады, тек бас бостандығынан айыру көзделген. Мерзімі – 3 жылға дейін.

Кодекске енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың соттардың жұмысын оңтайландыру, жүктемесін азайту, іске қатысушылардың іс жүргізу шығындарын азайтып, уақытының үнемделетініне ықпал етері сөзсіз.



Көктем аналар мен арулар мерекесінен бастау алады. Әйелдер – әлемге мейірім мен жаңа өмір сыйлаушы. Әрбір шаңырақтың жылуын сақтап, берекесін кіргізіп отырған аяулы жандарға құрмет көрсету – перзенттік парыз. «Ер – елдің иесі, әйел – үйдің киесі» дегендей, отбасындағы береке-бірлікке, өмірдегі әсемдік пен нәзіктікке жолбасшы бола жүріп, айналасына инабаттылықтың нұрын сепкен аналарымыз қашанда құрметке лайық.

Бірлік ауылдық округіне қарасты Алғабас ауылдық Мәдениет үйі қызметкерлерінің ұйымдастыруымен мереке карсаңында «Алғыс анаға» атты шара болып өтті. Бұл іс-шараны аудандық Мә-

АНАЛАРҒА ҚҰРМЕТ

дениет үйінің басшысы Серғазы Байдуллаев, облыстық мәслихат депутаты Ұлжанат Джурумбетова, аудандық тілдер бөлімінің басшысы Жандарбек Тәкеев, Алғабас ауылдық Мәдениет үйінің менгерушісі Әлішер Байменов ашып, ауыл аналарын мерекемен құттықтады.

«Алтын алқа» иегерлері Икая, Бибіжан, Рахила, Қымбат, Тынышай, Тұрсынбай, Сара, Гүлшарап, Манкүл, Бақыт, Гүлайым, Бибіжар, Гүлжан әжелеріміз жақсы кешті ұйымдастырғандарға алғысын білдірді. Мерекеге Алғабас және Еркінабад мекеніндегі әжелер шақырылды. Ауданның өнерпаздары Айна Мейірбекова, Дина Тәжібаева, Біржан Жанту, Раушан Жұмабекова, Рамис Жанайдаров, Мәдина Әуезова, Әлімбек Құлахметовтер нәзік жандыларға жырдан шашу шашып, бар өнерін паш етті. Облыстық кешіндер байқауында ІІ орын иеленген Айнұр Тұрысова, облыста өткен Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» атты



ән байқауында ІІІ орынды иеленген Нүркен Әшірбеє аналарға әдемі ән арнады. «Айсузле» би тобы да өз өнерін көрсетті. Мәдениет қызметкерлері аналарға гүл шоқтарын ұсынды. Кітапханашы Фарида Юнусова түрлі құттықтау қағаздарымен сахнаны әсемдеді. Мерекеге орай арнайы дастархан жайылып, аудандағы кәсіпкерлер Ғалым Қонабаев, Ғабит Әбдиев, Бауыржан Жүрсінбаев, Рамис Фаражовтар аналардың алғысын алды.

Ә.БАЙМЕНОВ,
Алғабас ауылдық Мәдениет үйінің менгерушісі
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Сыбайлас жемқорлықты түп-тамырымен жойған ешқандай мемлекет, қоғам, өкінішке орай, жоқ. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес биліктің мемлекеттік институттарының тұрақты серігі болып табылады. Осы ретте, мемлекет өзінің заңдары мен мемлекеттік құрылымдарын өзгертіп, жаңа технология жолдарын енгізуде. Алайда сыбайлас жемқорлық онымен «өшіп» жатқан жоқ, өршіп барады. Сондықтан да мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресі тоқтамайды. Мемлекеттің жемқорлыққа қарсы күресі қоғамның қолдауынсыз оң нәтиже бермейді. Әсіресе, кеселмен күресте азаматтық қоғам шешуші рөл атқарады. Ал қоғам дегеніміз – сіз бен біз, яғни біздің заңға, қоғамдағы

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМ

өзіміздің міндеттеріміз бен моральдық ахуалымызға деген бір біріміздің қарым-қатынасымыз. Демек, зұлымдықтың тамырын қоғамның өзінен іздеген жөн.

Біз әділетсіздікті көргенде мемлекетті кінәлап, өз ренішімізді білдіреміз. Алайда, жемқорлықпен күреске ешқайсымыз атсалыспаймыз. Көптеген азаматтар күнделікті тұрмыстағы сыбайлас жемқорлықты заңдастырмайды, кейде олар мұны солай болу керек деп те ойлайды. Бұдан кейін мемлекет те, құқық қорғау органдары да шарасыз. Сондықтан да азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа деген көзқарасын өзгерту маңызды.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу қоғамның және әр адамзаттың ісі екенін әр қазақстандық, әр отбасы түсінуі керек. Ұлы Абай атамыз айтқандай, «Ұрпағыңызға асыл мұра ретінде арысздықты әкелетін байлықты емес, тәрбие, білім, имандылықты қалдыр».

Сыбайлас жемқорлық адам табиғатының бұзылуына, адамгершіліктің тапталуына, адамдардың бөлінуіне әкеледі. Ендеше қоғамда тазалық пен тәртіпті қалыптастыру үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес бір сәт те тоқтамауы керек.

Арал аудандық жер қатынастары бөлімі
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛА ҚАЙТА ТҮЛЕДІ

Жоғарғы Сот тарапынан жүйелі түрде атқарылған жұмыстардың нәтижесінде қол жеткізілген жетістіктердің негізгісі – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің қабылданып, 2021 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілуі болды. Еліміздің өңірлерінде 21 әкімшілік сот құрылды.

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасының» 4-бөлімінің 3-тармағында сот ісін жүргізудің жаңа – әкімшілік түріне қатысты қазіргі уақытта жария-құқықтық даулардың барлық санаты сот ісін жүргізудің осы түрінің тәртібімен қарала бермейтінін атап өту керек. Осыған байланысты жария-құқықтық даулардың қалған түрлерін кейіннен мамандандырылған әкімшілік соттардың ведомстволық бағыныстылығына бере отырып, оларды жалпы юрисдикциядағы соттардың ведомстволық бағыныстылығынан алып тастау мүмкіндігін пысықтау қажеттігі айтылған.

Тұжырымдаманың 4-бөлімінің 6-тармағында аталғандай, азаматтық-процестік құқық жаңғыртуды және жетілдіруді қажет етеді. ӘРПК мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін реттейді.

Судья әкімшілік істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы. Сот өз бастамасы немесе әкімшілік процеске қатысушылардың уәжді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинайды, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындайды. Бұл жерде заң шығарушы соттың құзретін барынша кеңейткен. Әкімшілік сот ісін жүргізу соттың белсенді рөлі негізінде жүзеге асырылады.

ҚР Азаматтық процестік кодексінің 1-бабына сәйкес, ҚР аумағында азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу тәртібі ҚР Конституциялық заңдарында, ҚР Конституциясына және халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларына негізделген ҚР Азаматтық-процестік кодексінде айқындалады. Азаматтық сот ісін жүргізу тәртібін реттейтін өзге де заңдардың ережелері осы кодекске енгізілуге жатады.

Тұжырымдаманың 5-бөлімінде аталғандай, дауларды реттеудің баламалы тәсілдерін дамыту Қазақстанның құқықтық жүйесін дамытудың маңызды векторы болып табылады, өйткені бұл институт қоғамдағы жанжалдар деңгейін төмендетуге ықпал етеді және соттарға жүктемені азайту арқылы сот төрелігін іске асыру сапасын арттырады.

ӘРПК-нің 1-бабында, егер осы кодексте өзгеше тәртіп көзделмесе, әкімшілік сот ісін жүргізуде Азаматтық процестік кодексінің ережелері қолданылатындығы айқындалған. Бұл жерде заң шығарушы тарапынан заңдарды ұқсастығына қарай қолдану қағидасына мүмкіндік жасалғанын байқауға болады.

ӘРПК мен АПК нормаларының бір-бірімен үндестігін қамтамасыз ету мақсатында АПК-не тиісті толықтырулар мен өзгертулер енгізу арқылы судьяның азаматтық істің нақты және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша да өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға құқылы екендігін заңдық негізде бекіту дұрыс деп есептейміз.

Оралбек БАҚТЫГЕРЕЕВ,
Шалқар аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ҚЫЛМЫСТЫҢ АШЫЛУ КӨРСЕТКІШІ ЖОҒАРЫ

Көліктегі полиция департаменті Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімінің қызмет көрсету учаскесінің ұзындығы 1054,7 шақырымды құрайды. Атап айтқанда, Түркістан облысына қарайтын Түркістан станциясынан бастап, Қарағанды облысындағы Қоскөл станциясына дейінгі жолды алып жатыр.

ҚР Ішкі істер министрлігінің негізгі ұйымдастыру шараларының жоспарына сәйкес, 2021 жылы Қызылорда станциясындағы желілік полиция бөлімінің қызмет көрсету аймағында жалпы қылмыс пен құқықбұзушылықтың, оның ішінде бөтеннің мүлкін ұрлау, есірткі затын сату, өткізу, пайдалану деректерін анықтау, сондай-ақ құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында кен ауқымды «Дәрмек», «Ұрлық», «Құқықтық тәртіп», «Мүлдем төзбеушілік» жедел алдын алу іс-шаралары өткізілді.

Өткізілген жедел алдын алу іс-шараларының нәтижесінде тіркелген қылмыстық құқықбұзушылықтар саны өткен жылмен салыстырғанда 2,7 пайызға төмендеген, оның ішінде қылмыстар 8,3 пайызға азайған. Есепті мерзімде аса ауыр қылмыстарға, атап айтқанда, зорлау, тонау, қарақшылық сияқты қылмыстарға жол берілген жоқ. Ауыр санаттағы, бұзақылық, алаяқтық, есірткіге қатысты қылмыстардың ашылуы 100 пайыздық көрсеткішін сақтап қалды.

Негізгі жедел-қызметтік жұмыстарында дұрыс бағыт берген нәтижесінде ауыр қылмыстардың ашылу көрсеткіші 88,9 пайыздан 100 пайыз жоғарғы көрсеткішке қол жеткіздік. Сондай-ақ есеп беру мерзімінде жүргізілген профилактикалық іс-шаралардың нәтижесінде қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар саны 4,2 пайызға төмендеген, мас күйінде жасалған қылмыстар саны 57,1 пайызға азайды және бұрын сотты болғандармен жасалған қылмыстар 59,3 пайызға кеміді. Осы уақыт аралығында жедел іздестіру іс-шараларының нәтижесінде өткен жылдардағы 2 қылмыс ашылып, тиісті процессуалдық шешім қабылданды.

2021 жылы есірткіге байланысты 19 қылмыстық құқықбұзушылық, оның ішінде 2 қылмыс, анықталды. Заңсыз айналымнан 2 кг 762 гр есірткі зат тәркіленіп, алынды. Жыл басынан бері әкімшілік құқықбұзушылық жасаған 2073 тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның ішінде әкімшілік құқық бұзған 418 тұлғаға 5 миллион теңгеге жуық айыппұл салынды. Ал, 9 көмелетке толмаған жеткіншек бейімдеу орталығына орналастырылды. Көмелетке толмағандардың арасында қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу бағытында прокуратура, білім саласының қызметкерлерімен бірлесе отырып, алкогольизмнің, нашақорлықтың зияны, ата-аналардың бала тәрбиесіндегі жауапкершіліктері, жасөспірімдердің заң алдындағы жауапкершілігі, т.б. құқықтық тақырыптарға 601 кездесу өткізілді, олардың 116-сы бұқаралық акпарат құралдарында жарық көрді

Бүгінде теміржол филиалының АМАНАТ партиясының, прокуратура органдарының өкілдері қызмет ету аймағында орналасқан кафелер, дүңгіршектер және жолаушылар пойыздарындағы мейрамханаларға шолу жасап, түнгі уақытта вокзалдарда, перрондарда көмелетке толмағандардың болуына, оларға алкогольді және темекі өнімдерін сатуды тыйым салу және басқа да жанадан қолданысқа енгізілген баптарды іске асыру бағытында ұдайы бірлескен рейдтер ұйымдастыруда. Есеп беру мерзімінде көлік сакшылары 346 рейдтік іс-шара өткізді. Нәтижесінде ҚР ӘҚБтК 442-бабының 2-бөлігі бойынша (еріп жүрген заңды өкілдері жоқ көмелетке толмағандардың түнгі уақытта сағат 23.00-ден 06.00-ге дейін үйден тыс жерде болуы) 18 ата-ана әкімшілік жауапкершілікке тартылған. Пойыздарда 39 кездесу және 43 дөңгелек үстел ұйымдастырылып, өткізілді.



Дәулет МАҚСҰТОВ,
Қызылорда станциясындағы
Желілік полиция бөлімінің
бастығы,
полиция полковнигі

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН
МЕКТЕПТІ ЖАҢАРТУДЫ
«МӘСЛИХАТ ҚҰПТАМАДЫ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Құрметті Асхат Қанатұлы!
Алматы облысы, Талғар ауданы, Кеңда-
ла ауылдық №38 мектеп ұжымы Сізден
көмек сұрайды. Неше жылдан бері аудан
басшылығына жолдаған ұсынысымыз жа-
уапсыз қалып отыр. Ол – тозығы жеткен
мектебімізді күрделі жөндеуден өткізу.
2018 жылдан бері басшылық тарапынан
тек құрғақ уәдеге қарық болып жатырмыз.
Біресе мекемеге кететін шығынды есептеу
құжаттары әзірленіп жатыр десе, енді,
міне, «мәслихат құптамады» деген сылтау
айтып отыр.

Биыл күзде аудандық білім бөлімінің
басшысы Қарлыға Садвакасова мектебіміз-
ге өзі келіп, мұғалімдермен жиналыс өт-
кізген еді. Сол жиналыс барысында 2022
жылдың жазында жөндеу жұмыстарының
нақты болатынын айтып еді. Жақында
естідік, №38 мектепке жөндеу жұмыстары
жүргізілмейтін болыпты. Өйткені біздің
мектептің мұны ауданнан арыға аспай
отыр. Талғар аудандық білім бөлімі об-
лысқа қажетті құжаттарды өткізбеген. 2020
жылы сметалық-жобалау құжаттарына
8 626 950 тенге көлемінде қаражат бөлін-
ген деседі. Бірақ сол бір жылдың ішінде
сараптамалық құжаттардың дайын болмай
қалғанына таңданып, мемлекеттік сатып
алулар туралы ақпарат жарияланған сайтқа
да үнілдік. Ол жерде бұл мектеп жайында
бірде-бір сатып алу көрсетілмеген. Яғни
бұл аудандық білім бөлімінің басшысы
Қарлыға Садвакасованың сөзінің жалған
екендігін көрсетеді десек, артық айтпаған

болармыз. Ал аудандық білім бөлімі бас-
шысының айтуынша, облыс тапсырылған
құжаттар бойынша №38 мектепке жөндеу
жұмыстарын жүргізуді кейінге шегерген.

Құрметті министр мырза, мектебіміз
әлі күнге кеңес дәуірінен қалған жаб-
дықтармен тұр. Олардың да тозығы жет-
кен. Парталар, орындықтар сынған. Те-
резелерінен қыстыгүні суық жел соғып
тұрады. Едендердің тозығы шыққан. Мек-
тебімізде спорт алаңы атымен болмаған.
Балалар ауладағы алаңқайда ойнайды.
Жазда шаң көтеріп далада ойнаса, қыста
кабинетке тығылып отырады. Мәдени
шараларды өткізу тіпті қиын. Өйткені
акт залының тозығы жеткен, талапқа сай
емес. Соңғы жылдарда бүкіл мектептерді
қамтып жатқан технологиялық құралдар
орналастырылғанмен, олардың да жұмыс
істеп тұрғаны шамалы. Кілең сапасыз
дүниелер. Бір-екі мәрте қолданған соң,
жарамсыз болып қалды. Бір сөзбен айтқан-
да, бұл мектептің ұжымы ілдәлдалап бала
оқытып отырған жайы бар.

Министр мырза, Президент өз сөзін-
де «Жаңа Қазақстан құрамыз» деген еді.
Бірақ, тозығы жеткен мұндай білім орда-
сының шәкірттері мен түлектері «Жаңа
Қазақстанның» кетігіне кірпіш боп қалана
алмайды деген қауіміз бар. Сондықтан да
осы мәселені өз назарыңызға ұсынғанды
жөн көрдік.

Құрметпен,
№38 мектеп ұжымы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ
ТАЛҒАР АУДАНЫ

МӘСЕЛЕ

СУРЕТШІЛЕР ОДАҒЫ
ҚОЛДАУҒА МҰҚТАЖ

**Қазақстан Республикасы тұғыры биік тәуелсіз ел болға-
нына 30 жыл толды. Елімізде айтарлықтай өзгерістер
болды және әлі де болып жатыр. Дегенмен қазақ бейнелеу
өнері саласын алып қарасақ, жетістігіне қарағанда кемшілігі
көп. Кемшілік деп суретшілердің шығармашылық өміріне
қатысты айтып отырмыз. Әрине, бейнелеу тарихындағы қа-
лыптасу, даму, өркендеу, жаңа көзқарас – мұның бәрі заман
ағымына қарай өзгеріп тұратын құбылыс. Әр ғасырдың өз
ерекшелігі бар.**

1991 жылы Қазақстан Тәуелсіздігін
алып, дербес мемлекет болғаннан ке-
йін өнер әлемдік арт-нарыққа шықты.
Суретшілер де еркіндікке ие болды.
Кеңестік идеология бұғауындағы
шығармашылық елімізде еркін сөй-
лей бастады. Бұл суретші қауым үшін
қуантарлық жағдай еді. Суретшілер
ұлттық тарихты қайта парақтап, оны
заманауи көзқараста жеткізуді мақсат
етіп келеді. Креативті ойларын ортаға
салып, шығармашылық топтар құрды.
Бейнелеу өнерінің қай саласы болса да,
суретшілер өздерінің топтасқан ұйым-
дары немесе жеке шығармашылық
көрмелерінде ой-тұжырымдарын бұр-
малаусыз ашық жариялады. Әлі де сол
қарқында. Дегенмен 30 жыл ішінде
Үкімет тарапынан жалпы қазақ бейне-
леу өнеріне қатысты арнайы суретшілер
үшін мемлекеттік деңгейде фестиваль,
симпозиум, байқау, форумдар өткізіл-
меген. Шын мәнінде, «30 жылдың
ішінде Қазақстан суретшілеріне қандай
жағдай жасалды?» деген заңды сұрақ
туындайды. Оны тек суретшілер қауы-
мы ғана біледі. Онымен айналысатын
Қазақстан Республикасының Сурет-
шілер одағы басқармасы бар деген ой
қалыптасқан. Иә, әрине, бірақ баскарма
тек қаржы сұрау арқылы суретшілер
қауымына көрме, пленэр ұйымдасты-
румен ғана шектеледі. Бәрімізге белгілі,
Үкімет тарапынан жарияланған «Мәде-
ни мұра», «Ұлы даланың жеті қыры»,
«Рухани жаңғыру» ұлттық жобалары
бойынша көптеген мемлекеттік іс-ша-
ралар өткізілуде. Осыған орай одақ
өзінің жоспарлы жобаларын жіберіп
отырады, бірақ шараны өткізуге қолдау
білдірген жауап келген емес. Мәселенің
бір шешімі болар деген үмітпен нар
тәуекелге салып, жергілікті әкімдікке,

мәдениет басқармасына ұсынамыз.
Осылай шығармашылық одақтың іс-ша-
расы мемлекет, жергілікті әкімдіктен
қолдау болып жатса ғана іске асыры-
лады. Аталған ұлттық жоба бойынша
суретшілерге қатысты қолдау болмаса
да, одақ басқармасы қолын қусырып
бос отырған, мәселеден қалыс қалған
немесе өз ісін тоқтатқан емес. Негізі
шығармашылық одақтың мақсаты –
Қазақстан бейнелеу өнерін дамыту,
одақ мүшелерінің шығармашылық
құқықтарын қорғау, олардың рухани
деңгейін көтеру, жас таланттарды, біре-
гей шығармашылық деңгейде танылып
жүрген жас буын суретшілерді одаққа
жабылдау, заман талабына сай жаңа
форматтағы, заманауи көзқарастағы жо-
балар мен іс-шараларды ұйымдастыру.
Сонымен қатар өнер иелерін ҚР-ның
мемлекеттік атақтарына, лауреаттыққа
және өзге де аталымдар мен сыйақы-
ларға ұсыну. Дегенмен суретшілер
басқармасының жыл сайын өткізетін
есеп беру көрмесі, жоспарланатын
тақырыптық пленэрлер, мерейтойлық
көрмелер, шығарылатын альбомдар
– мұның барлығы бүгінде өзекті мәсе-
леге айналды. Бір өкініштісі, еліміздің
«Мәдениет туралы» заңында суретші
деген сөз жоқ. Яғни өнердің барлық
саласының құқықтық заңы қаралған-
мен, суретшілер үшін ештеңе жоқ. Бұл
мәселе бойынша әрдайым одақ атынан
ұсыныстар жіберіліп отырылады. Пре-
зидент аппаратымен, Парламенттің
Мәжіліс, Сенат депутаттарымен, пар-
тиялардың, Мәдениет министрлігінің
өкілдерімен кездесу семинарларына,
дөңгелек үстел отырыстарына шығар-
машылық одақ ретінде шақырыламыз.
Баскарма тарапынан фактілер бойынша
баяндама жасадым. Оны талқылауға

ҚҰАТ КӨЗІ

**Қазақстан қуат көз-
дерінің қоры жағынан
әлемде көшбасшылар
қатарында тұрғанын бү-
гінде хат танитын және бі-
лім-ғылымнан хабары бар
жанның бәрі біледі. Сон-
дықтан оған біреу қызыға,
біреу қызғана қарайды. Ол
негізсіз де емес.**

ЭЛЕКТР ЭНЕРГИЯСЫ
ЕҢ АРЗАН ЕЛДЕР ҚАТАРЫНДАМЫЗ

Бұл «Сентрас Иншуранс» сақтан-
дыру компаниясы мен Kazakhstan
Growth Forum корпоративтік қоры-
ның ұйымдастыруымен Алматы-
да өткен қаржыгерлердің дәстүрлі
CFO Sammit-2023 шарасы кезінде
де айтылды. Мәселен, экономика
ғылымдарының кандидаты Алмас
Чукиннің айтуынша, 14 ақпанда-
ғы мәлімет бойынша, бензиннің 1
литрінің бағасы Қазақстанда 0,472,
Ресейде 0,677, БАӘ-де 0,768, АҚШ-
та 1,013 доллар, ал дизель бағасы
Қазақстанда 0,579, Ресейде 0,706,
БАӘ-де 0,784, АҚШ-та 1,032 дол-
лар болды. Сондай-ақ электр энер-
гиясының бағасы да кВтс үшін үй
шаруашылығы (0,042) мен бизнес-
те (0,056) де төмен екені айтыл-
ды. Бұл Ресейде 0,060 және 0,089
доллар, БАӘ-де 0,081 және 0,100
доллар, АҚШ-та 0,153 және 0,120
долларды құрады. Ал 2021 жылдың
маусымында ел тұрғындары үшін
электр энергиясының кВтс бағасы



Қазақстанда 0,04, әлемде 0,14 дол-
лар болған еді. Бұл атап айтқанда,
Швейцарияда 0,22, Испанияда 0,23,
Жапонияда 0,25, Португалияда 0,26,
Венеасуэллада 0,27, Ұлыбританияда
0,28, Бельгияда 0,30, Данияда 0,32,
Германияда 0,33 доллар көлемінде
тіркелді.

– Қазақстандағы 1937-2017 іске
қосылған негізгі 25 электр стан-
циясының қуаты 2018 жылдың
аяғында 21 ГВт-ты құраған еді. Бұл
алдағы 10-15 жылда елдің ішкі сұра-
нысын қамтамасыз етуге жеткілікті
болғанымен, оның жартысынан
көбінің пайдалануға берілгеніне 30
жылдан асты. 2009-2018 жылдар-
дағы жаңғырту бағдарламасының
нәтижесінде электр станцияларының
негізгі жаңармалы жабдықтарының
тозуын 56 пайызға дейін азайтуға
мүмкіндік берді. Алайда, осыған
қарамастан, негізгі жабдықтарды
жаңғырту электр станцияларының
маңызды инфрақұрылымының пай-

далану мерзімін қауіпсіздік, үздіксіз
өндіріс, өнімділік, қаржы-эконо-
микалық тиімділік пен ауаның лас-
тануы сияқты мәселелер тұрғы-
сынан толық шеше алмайды. Сол
себепті алдағы 10-15 жылда жаңа-
дан 10 ГВт-тан астам жаңа қуат
көзін іске қосу қажет, – деген «Visor
Kazakhstan» компаниясының Дирек-
торлар кеңесінің мүшесі А. Чукиннің
пайымдауынша, дәл қазіргі таңда
Қазақстанда экономиканы әртарап-
тандырудан гөрі, оның шикізаттық
бағытын сақтап қалудың өзі маңыз-
ды боп тұр. Өйткені экономикасы
толық әртараптанбаған елдердің
бөрінде әлі күнге дейін экспорттың
басым бөлігін шикізат құрап отыр.
Егер экспортты тиімді ұйымдасты-
ра алса, Қазақстанның да шикізат
арқылы-ақ өз табысын қазіргіден ай-
тарлықтай ұлғайтуға мүмкіндігі бар.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

мүмкіндік береді. Сондықтан одақтың
шығармашылық қызметін қаржы-
ландыру және суретшілердің шығар-
машылығын ынталандыру негізгі өзекті
мәселеге айналған. Одақ басқармасы-
ның жыл сайын өнер түрлері бойынша
тақырыптық шығармашылық сайыс өткі-
зу, суретшілердің үздік туындыларын
музей, мұражайлар қорларына сатып
алу, мемлекеттік тапсырыстарды жүйе-
леу және жүзеге асыру, шығармашылық
жетістіктері үшін өнер иелерін мара-
паттау, орта буын, әсіресе, жас сурет-
шілерге материалдық қолдау көрсету,
шығармашылық шеберханамен қамта-
масыз ету – күрмеулі мәселе. Мемлекет
тарапынан суретшілер қауымы үшін
шығармашылық шеберханалар салы-
нып, қолданысқа берілсе, құба-құп бо-
лар еді. Бірақ бұл мәселе айтылғанмен,
ол жабуды қалуда. Одақта шешілмеген
мәселе жетіп-артылады. Оның барлығы
қаражатқа келіп тіреледі. Айталық,
қазір Рысқұлов көшесі, 48 А мекенжа-
йындағы жалғыз өндірістік кешенді
жөндейтін болсақ, жас суретшілерге
үлкен қолдау болар еді. Алайда ол үшін
70 млн теңгеден астам қаражат қажет.
Сонымен қатар КР Суретшілер одағы
басқармасының және филиалдарының
көрме залының болмауы себепті сурет-
шілер шығармашылық көрмесін және
баскарма тарапынан ұйымдастырыла-
тын республикалық көрмені Қазақстан
мұражайларында өткізу де ақылы түрде
жүргізіледі. Жалпы айтқанда, одақтың
қордаланған өзекті мәселелері жетіп жа-
тыр. Жоғарыда айтып кеткендей, белгілі
бір жоспар бойынша жобалар мемлекет
тарапынан құпталып, қолдауға ие бола
бермейді. Иә, шығармашылық байқау,
халықаралық шығармашылық көрме,
пленэр өткізу үшін тендерге қатыстық.
Бірақ елімізде болып жатқан пандемия-
ның салдарынан тоқтатылды.

Әрине, бейнелеу өнерінің өркендеуі
үшін көптеген жобалар жоспарланып
отыр. Ол үшін алдымен КР Суретшілер
одағы мен мемлекет тарапы арасындағы
байланыс форматын өзгерту, ондағы
қолдау қорын, мемлекеттік тапсырыс
пен сатылымын қалыпқа келтіру қажет.
Осы көздеген мақсатымыз жүзеге асса,
КР Суретшілер одағы және оның фили-
алдарының жоспарлық жобаларын іске
асыруға септігі тиеді. Айталық, жылдық
жоспар бойынша халықаралық және
республикалық деңгейдегі көрмелерді,
форумдарды, тақырыптық пленэрлер
мен конкурстарды өткізу және сурет-
шілердің альбом-каталогтарын шығару
қажет болады. Осы орайда оның төрт-
тен бір бөлігі ғана қамтылады. Соның
бір дәлелі ретінде 2013 жылы КР Су-
ретшілер одағының 85 жылдығына орай
Қазақстан бейнелеу өнерінің тарихын
танытатын бес томдық альбом-катало-

гының шығарылғанын, республикалық
деңгейде көрме өткізілгенін атап өткен
жөн. Шамамыз келгенше суретшілерді
ерен еңбектері үшін марапаттадық. Бұл
іс-шара онай жолмен келген жоқ. Әр
үш-төрт жылда өтілетін одақтың пле-
нумы, одан кейін құрылтайы, есептік
көрмесі де – өте маңызды мәселе.
Алдымызда КР Суретшілер одағының
90 жылдық торқалы тойы. Бұл мәсе-
ленің бүгінгі таңда өзекті болып тұрға-
нын айта кету керек.

2019-2021 жылдары ұсынылған
көптеген жобалардың төрттен бір бөлі-
гі жергілікті әкімдіктің және мәде-
ниет басқармасының қолдауымен іске
асты. Айталық, биыл 19-29 қыркүйек
аралығында Алматы қаласында КР Тә-
уелсіздігінің 30 жылдығына арналған
«Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі»
атты республикалық пленэр конкурсы
өтті. Байқау нәтижесіне орай Әбілхан
Қастеев атындағы КР Мемлекеттік
өнер музейінде 5 қазанда пленэр көр-
месін аштық. Сайысқа қатысқан сурет-
шілердің арасынан топ жарып шыққан
жеңімпаздарға сыйақы тағайындалды.
Сондай-ақ, осы іс-шара қорытынды-
сында пленэрге қатысқан суретшілердің
еңбектері альбом-каталогқа енгізіліп,
басылып шықты. Сонымен қатар 12
қарашада Ә.Қастеев атындағы КР Мем-
лекеттік өнер музейінде КР Суретшілер
Одағының Қазақстан Республикасы
Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған
республикалық есептік көрмесі өтті.
Сонымен қатар 4 желтоқсанда Алматы
қаласы мәдениет басқармасының «Ал-
маты әуендері» коммуналдық мемле-
кеттік қазыналық кәсіпорнына қарасты
Altmy Gallery ғимаратында КР Тә-
уелсіздігінің 30 жылдығына бағыштал-
ған «Плакат өнері» атты халықаралық
көрме өткіздік. Оған Қазақстан, Ресей,
Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия,
Польша, Чехия суретшілері қатыс-
ты. Облыстық әкімдіктің қолдауымен
«Мың бояулы Маңғыстау» республи-
калық суретшілер симпозиумы өтті.
Жылдық жоспар бойынша аз да болса,
осындай іс-шаралар өткізілді.

Алда іске асыратын көптеген жо-
спарлар мен жобалар жетерлік. Көздеген
мақсатымызға жетуге Үкімет тара-
пынан қолдау болар деген үміттеміз.
Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев
биылғы Жолдауында суретшілер тура-
лы жанама айтып өтті. Бұл да көптен
күткен үмітіміздің бір ұшы шығар.
Жылдар бойы айтылып келе жатқан
мәселелердің шешімі табылып, шығар-
машылық одақтың еңсесі көтерілер
деген сенімдемін.

Өмірбек ЖҰБАНИЯЗОВ,
КР Суретшілер одағының
төрағасы

ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бізде қаржы-несие саясаты жоқ. Қандай да бір идея немесе жобаны жүзеге асыру үшін, оның басынан аяғына дейінгі бүкіл тетіктері түгел қаралуы керек. Қандай тамаша жоба болса да, оны жүзеге асыру белгілі бір көлемдегі қаржыны талап етеді. Ал қаржыландыру құралдары барлық уақытта қымбат боп шығады. Мәселен, біздің банктер оны 15-20 пайызбен қаржыландырса, Қытай сондай жобаны 3%, АҚШ 2%, Жапония 0,1%-бен қаржыландырады. Соның нәтижесінде біздің кәсіпкерлер өндіріс орнын ашудың бастапқы жобалық кезеңінің өзінде-ақ өз әріптестерінен артта қалып қояды.

Біздің доллармен тапқан көп ақшамыз шетелге кетіп қалды

– Инвесторды көндіру үшін жобаның тартымды болуы жеткіліксіз. Олар алдымен Қазақстанды зерттеп, содан кейін көңілінде күдік қалмау үшін жоба авторларына түрлі сұрақтар қояды. Нақтырақ айтқанда, жүріс-тұрысының қауіпсіздігі, ұрлық-қарлықтың болмауы, жататын қонақ үйінің жайлылығы, инвестициясының қайтуына мемлекеттік кепілдіктің болуы, қаржы салып отырған өндіріс өнімінің сатылуынан бастап елдегі заңның үстемдігі, соттың әділдігі секілді жүз шақты талабының 70-сі оңды болған күннің өзінде, қалған 30-ына келгенде күмән туындаса, ол ұсынысты қабылдаудан бас тартуы әбден мүмкін.

Біз 30 жылда шетелден 370 млрд доллар инвестиция тартқанмызбен, жалпы ішкі өніміміздің көлемі 170 млрд доллар ғана. Инвестицияның заңы бойынша, 1 доллар белгілі бір уақыттан кейін 2 доллар болуы керек. Менің осы 370 млрд доллардың инвестициясына деген өз күмәнім бар. Егер шын болса, біздің жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) 15 жылдың өзінде ең құрығанда 600-700 млрд долларға жету керек еді.

Жаңа астананы салар алдында бірінші құрылыс индустриясын қалпына келтіруіміз керек еді. Біз құрылыс материалдарының бәрін доллармен шетелден сатып алдық. Соның салдарынан біздің доллармен тапқан көп ақшамыз шетелге кетіп қалды. «Ертіс-Қарағанды» деген канал бар. Қарағанды үлкен индустриалдық база болғанымен, онда су жеткіліксіз болғандықтан, Ертістің суын тартайық деп 1962 жылы Мәскеуде Кеңес Одағының Саяси бюросында канал салу туралы шешім қабылданған. Содан кейін 7-8 жыл бойы қанша техника, маман, қанша тонна құрылыс материалы қажет және олар қайда сақталуы керек дегенді жоспарлап, жаңа өндіріс орындарын ашып, бәрі дайын болғанда ғана, 1970 жылы оны бастаған. Біз Астананы салмастан бұрын қажетті құрылыс материалдарын өндіретін кәсіпорындарды ашқанымызда, жағдай басқаша болып, ЖІӨ өсер еді. Біз оның орнына мұнайды, темірді, мысты саттық. Одан түскен долларға керекті заттың бәрін шетелден сатып алдық. Сондықтан біздің тапқан табысымыздың тиімділігі болмады.

Егер статистикаға көз жүгіртер болсақ, 30 жылда Қазақстанның экспорттан тапқан табысы 1,1 трлн доллар екен. Сіз оны қайда жұмсадық дейтін болсаңыз, біз оның 600 млрд долларына тауар, 200 млрд долларына қызмет сатып алыппыз. Егер не тауар сатып алдық деп қарасаңыз, төбе шашыңыз тік тұрады. Мәселен, 150 млн долларға төсек жаймасын, 500 млн долларға еден жуатын таяқ, 2 млрд долларға көйлек-көншек, тағы 2 млрд долларға былғарыдан жасалған киімдер сатып алыппыз. Бұл да – Қазақстан экономикасының дамуына кері әсер етіп отырған дүниелер.

Елдегі тұрақсыздық импортқа байланысты

Украинадағы жағдайдан кейін Ұлт-

тық банк теңге бағамын тұрақтандыру үшін 100 млрд доллардан астам қаржы бөліп жатыр. Өз басым бұл нәтиже береді деп есептемеймін. Себебі бізде импорт көп. Импорт деген доллар деген сөз. Біздегі тұрақсыздық импортқа байланысты. Мысалы, 2020 жылы 46 млрд доллар болса, 2021 жылы 38 млрд доллар болды. Бұл көп ақша емес. Біз әлі импортты ішкі өніммен айырбастап үлгерген жоқпыз. Сондықтан ол жақын уақытта оң нәтиже береді деп есептемеймін. Өндіріс көздерін ашпай, теңге бағамы үнемі шетелдегі өзгерістерге тәуелді болып тұра береді. Басқа мемлекеттерге ол неге біз сияқты әсер етпейді десеңіз, елімізде, біріншіден, экспорт пен импорттың қатынасында импорттың көптігі. Екіншіден, сенімсіздік. Теңге тұрақты болып тұрған күннің өзінде ел қалтасындағы артық ақшасына доллар

Серік АЛПЫСОВ,
қаржы полициясының отставкадағы полковнигі:

«ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖОБА ЖАСАУ ҰШАҚ ОЙЛАП ТАБУМЕН БІРДЕЙ»

сатып алуды дағдыға айналдырып алды. Мемлекет пен Үкімет басшысы халықты қанша сендіруге тырысқанымен, қазір де қалтасында теңгесі барлар долларға ауыстырып алғанда құнсызданбас еді деп өкініп отыр. Біз неге әлі күнге дейін қорқамыз? Өйткені репрессия санамызда әбден қалып қойған. Экономика қанша жақсы болса да, қалтамыздағы артық ақшаға доллар сатып аламыз. Доллардың бағасы көтеріле беретіні де осы сенімсіздіктен. Үкімет халықтың көңіліне сенімділік ұялату үшін, ашық болу керек, күшті экономикалық бағдарламасы болу керек.

Бізде бағдарламалар бар. Бірақ оны жоспарлау кезінде бір тетігі қалып қойса, қанша жақсы болғанмен, көңілдегідей жүзеге аспайды. Оның бір себебі – қаржы-несие саясатында. Бізде пайыздық мөлшерлеме әлі жоғары. 6 пайызбен берген субсидияның көлемі төмен. Егер экономикаға бір жылға 50 млрд доллар керек болса, біздің субсидиямыз 5 млн доллар ғана болуы мүмкін. Ол экономиканың гүлденуіне ықпал жасай алмайды. Яғни анда-мұнда ашылды деп жатқан біріл-жарым өндірістің экономикаға жалпы халық сезінетіндей әсері болмайды.

Қай бағдарлама болса да, ашып қарасаңыз, онда ақша-несие саясатын өзгертеміз деген сөз жоқ. Қаржы-несие саясаты деген сөз әрбір ауыл-қалада барлық саладағы өндіріс көзіне деген қажеттіліктен туындайды. Бізде оған қажетті арзан несие аз. Жылына 5-10 зауыт ашылды деп қуанамыз, бұл 500 болуы керек. Егер сіз импорт тізімін қарсаңыз, бізге жылына 500 емес 5 мың зауыт ашуымыз керек деуіңіз де мүмкін.

Ең мықты мамандарды таңдай алмаймыз

«Жаңа Қазақстан» бағдарламасына қатысты үміт пен күдік қатар тұр менде. Егер біз қаржы-несие саясатын бір жүйеге түсірмесек, одан нәтиже шығады деп айта алмаймын. 30 жылғы экономика тарихын қарасаңыз, небір тамаша бағдарламаны көресіз. Олардың ішінде кластерлік бағдарлама деген де болды. Қанша ел сонымен экономиканы көтеріп алды. Біздегі бағдарламаның бір-бірімен келістіретін тетіктері көп. Ол терең білімді, қабілетті талап ететін

дүние. Оған маман жетпей ме, шыдам жетпей ме, білмеймін, әйтеуір, жүзеге аспай қалды.

Экономикалық жобалар ұшақ жасап шығарумен бірлей. Бізде детальдау жетпейді. Себебі біз ең мықты мамандарды таңдап алмаймыз. Осы уақытқа дейін 10 мыңнан астам адам шетелде «Болашақ» бағдарламасымен білім алып келді. Соның ішінде де қаншама мамандар жүр? Оларды қалай жұмысқа тарту керек? Мысалы, «Қазақмыс» жылына 500 мың тонна мыс өндіреді. Одан



рын табуға болады. Бұл өте күрделі дүние. Бәрін тек заңмен реттеу мүмкін емес. Жақсы заң шығарсақ, бәрі тамаша болады деуге болмайды. Заңды жүзеге асыратын нормативтік актілер бар. Нұсқаулықтар, ереже, тәртіп, бұйрықтар көп. Бізде заңға қатысты нормативтік актілерде қарама-қайшы дүние көп боп жатады кейде. Оның өзі заң қабылданған соң бөлен айдан кейін шығып жатады. Әрине, заңда бәрін бүге-шүгесіне дейін айту мүмкін емес. Оның қажеттілігі де жоқ. Заң негізгі концепцияны, платформаны айтады. Егер нормативтік актілерді қабылданатын заңға қосып берсек, көп кемшіліктің алдын алар едік.

Жемқорлықты жоятын нәрсе – ашықтық. Мәселен, бізде мал шаруашылығына бөлінген субсидияны малы жоқтар да алып келгенін енді ғана айтып жүрміз. Ал оны бірден анықтауға болады ғой. Мына ауданға мұнша қаржы бөлінді, оны мына фермерлер алды деп газетке тізімін жарияласа, кімнің қанша малы барын, қанша қаржы алғанын және кімнің қорасында малының жоғын жақсы білген соң, өз көршісі «Бұл қалай?» дейтіні анық. Бізде осы қарапайым жолдың өзі көрсетілмейді.

1995 жылғы Конституция қабылданар кезде, мен Жезқазғанда облыстық прокуратурада жұмыс істеп жүрдім. Жобамен танысқан соң, «Казправда», «Жезказганская правда» деген газеттерге «бұлай қабылдауға болмайды, биліктің тармақтары тең емес» деген өз ұсыныстарымды жаздым. Ешкім басқан жоқ. Оны тек «Жезказған туы» газеті қазақшаға аударып басты. Арада қанша жыл өтсе де, қазір Парламент де, атқарушы билік те әлсіз. Үкімет билігі тіпті бөлшектеніп кеткен. Полиция, прокурор, есеп комитеті, ҰҚК, қаржы мониторингі, жемқорлыққа қарсы қызмет сияқты бақылаушы органдар оған бағынбайды. Үкімет шешім қабылдағаннан кейін оны өзі бақылауы керек. Сол сияқты Үкімет өзінің билігін облыс әкімдерімен де, кадр жөнінде Президент Әкімшілігімен де, Парламентпен де бөліседі. Үкімет басшысы өз бетімен министрді орынан босата алмайды. Сондықтан Үкімет әлсіз. Ал Парламент неге әлсіз? Депутаттар сауал жолдайды. Тәртіп

бойынша, сайлауда жеңген партия өз бағдарламасымен жұмыс жасап, депутаттар Үкімет жұмысына бақылау жасауы тиіс. Бізде тек депутаттық сауал жолдайды. Оларға Үкімет кейде «тисе терекке, тисесе бұтаққа» деп жаза салады. Депутаттар оған шамданып, тағы жазады. Аяғында шаршаған соң, қолын бір сілтеп қоя салады.

Украинадағы жағдай әлемнің бірлігін көрсетті

Теңге мен доллар қатынасын көрдіңіз. Былтыр 38 млрд доллар импорт болды. Бізде 80% халықтың банкте жинағы жоқ. Яғни теңгені сатып алу мүмкіндігі азаяды. Бұл – халықтың тұрмыс жағдайы төмендейді деген сөз. Оны төмендетпеу үшін жалақыны, зейнетақыны, әлеуметтік төлемді көбейтуіміз керек. Бұл үлкен әсер. Біздің күнделікті тауардың негізгі жеткізушісі – Қытай. Екі арада қатты әсер етпейтін шығар. Санкция жекелеген салаларға ғана қатты әсер етеді. Ресейден алғанымызды алдағы уақытта да ала береміз.

Украинадағы жағдай әлемнің бірлігін көрсетті. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанда, Еуропаның әрбір мемлекеті өз басын алып қалам деп ойлады. Бірақ одан ештеңе шыққан жоқ. Қазір бүкіл әлем Украинамен соғысты дұрыс емес деп жатыр. Біріншісі футбол матчын, екіншісі концертін, үшіншісі, төртіншісі деген сияқты бәрі түрлі іс-шараларды тоқтатып жатыр. Бұл Ресейдің экономикасына өте қатты нұқсан келтіруде. Ең күштісі – 7,5 млрд халықтың 7 млрды бұл соғысты қабылдамай тұр. Өйткені қандай жағдай болса да, соғыссыз дамудың жүздеген жолы бар. Байден: «Әлемдік экономикалық санкция Ресейге үшінші дүниежүзілік соғыспен пара-пар», – деді. Ал олар менен гөрі көбірек біледі деп есептеймін.

Ресейге санкция салған күннің өзінде де ешкім халықтың аштан өлуіне жол бермейді. Оған жеткізбейді. Басшы бір бөлек, халқы бір бөлек деген сияқты. Дәрі-дәрмек пен тамақтан шектемейді.

Жобалық қаржыландыру деген бар. Белгілі бір өндіріс орнын ашар кезде, қандай өнімге сұраныс барын, ондағы импорт көлемін, өндірген өнімді сататын жерлерді, оның бағасын айтасыз. Біз соған көшсек, нақты өндіріске қажетті ақша ғана бөлінеді. Көршілес Қытай солай дамып жатыр. Ақша айналымы бізде ЖІӨ-нің 31-40 пайызындай ғана. Оны Есеп комитетінің төрағасы айтып отыр. Қытайда ЖІӨ 16 трлн доллар болса, ақша айналымы 31 трлн. доллар. Сондықтан Қытай кез келген өндірісті ашады. Ақша қажет болса, барлық өндірісті салады.

Мен импортқа талдау жасадым. Өндіріс құралдары 2020 жылы 38 млрд доллар импорттың 240 млн долларын немесе 0,5 пайызын ғана құрапты. Бізге ЖІӨ көбейту үшін өндіргіш күштерді, станоктарды арттыру қажет. Өйткені өнімнің бәрін станок жасайды. Ал станок болмаған соң, импортқа тәуелдіміз.

Бағаны тұрақтандыру үшін, өндіріс көбейіп, бәсекестік болу керек. Басқа елде ол біздегідей жиі өзгермейтіні содан. «Жаңа Қазақстан» бағдарламасының маңызы енді бізде бұрынғыша болмайды деген сөз. Бұрынғы Қазақстанның өтірікші, паракор, жемқор, бәсекеге қабілетсіз, жағымпаз, экономиканы қаржыландырмайтын, билікке тек өз адамдарын тағайындайтын, өндірушілері кедей, ортадағылары бай, тығырықтан шығудың жолын іздемейтін, өзгеге тәуелді, т.б. белгілері бар. «Жаңа Қазақстан» олардан бас тартып, бәрін басқаша жасауы, ең алдымен, ашық болуы керек.

**Дайындаған
Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ЖОЛДАНЫМДЫ ЖІБЕРУ ШАРТТАРЫ

Өткен жылдың екінші жартыжылдығынан бастап жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу заңнамасымен, әкімшілік құқықбұзушылық туралы заңнамалармен реттелетін шағымдар мен арыздарды қоспағанда ӘРПК нормаларымен реттеледі.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 99-бабына сәйкес, шағымды қарау мерзімі енді шағым түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды.

ӘРПК-нің 4-бабы 1-тармағының 38-тармақшасында «шағым» ұғымына анықтама берілген, мұнда шағым әкімшілік рәсімге қатысушының өзінің және басқа да тұлғалар-

дың әкімшілік акт, әкімшілік әрекет (әрекетсіздік) бұзған құқықтарын, бостандықтарын немесе заңды мүдделерін қалпына келтіру немесе қорғау туралы талабы қамтылатын жолданым нысандарының бірі болып табылады.

Сондай-ақ кодексте жолданымға қойылатын жалпы талаптар көзделген. Онда:

- 1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басты куәландыратын құжат-қа көрсетілсе), ЖСН (бар болса), пошталық мекенжайы не заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы, БСН (бар болса);
- 2) жолданым берілетін әкімшілік органның, лауазымды адамның атауы;
- 3) жолданымның мәні;
- 4) жолданымның берілген күні;
- 5) арыз иесінің немесе оның өкілінің қолы;
- 6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген

өзге де мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Өтініш жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, әкімшілік орган, лауазымды адам өтініш берушіге оның қандай талаптарға сәйкес келмейтінін көрсетеді және оны талаптарға сәйкес келтіру үшін қисынды мерзім белгілейді, олай болмаған жағдайда, өтініш қайтарылуға жатады. Бұл ретте өтінішті қайтару қайта жүгінуге кедергі келтірмейді.

Арыз иесі жолданымды өзінің жазбаша арызы негізінде кері қайтарып ала алады. Жолданымды кері қайтарып алу,



Гүлжаухар КӘРІМОВА,
Ақмола облыстық сотының
кеңсе меңгерушісі

мерзімдер сақталған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, оны қайта жолданым беру құқығынан айырмайды.

– *Коронавирус кез келген саланың жұмыс ырғағын өзгертті. Шымкент қалалық соттары карантин кезінде қалай жұмыс істеді? Онлайн режимде өткізілетін процестерге халықтың реніші жоқ па?*

– Әлемді әлекке салған індет – коронавирус сот жүйесінің де жұмыс тәртібін бұзды. Мемлекет басшысының Жарлығымен 2020 жылы 16 наурыздан бастап елімізде Төтенше жағдай режимі енгізілген соң, қаладағы соттарды жедел түрде қашықтан жұмыс жасауға көшірдік. Басты міндет, бір жағынан, азаматтардың конституциялық құқығын қорғау болса, екіншіден, олардың жеке қауіпсіздігін сақтау болды. 2020 жылы қала соттары күн сайын онлайн режимде 240-қа жуық сот процесін WhatsApp, TrueConf, Zoom, Skype және тағы басқа да мобильді қосымшалар көмегімен өткізіп отырды. Бұл – Жоғарғы Сот бастамасымен сот жүйесіне енгізілген цифрландыру жұмыстарының жарқын нәтижесі. Сол жылдары жинаған тәжірибе мен кейінгі мүмкіндіктердің арқасында, пандемия кезінде Шымкентте өткен онлайн сот процестеріне алыс-жақын



Ербол РАХЫМБЕКОВ, Шымкент қалалық сотының төрағасы:

«ЗАН МЕН СОТ АЛДЫНДА АДАМДАРДЫҢ БӘРІ ТЕҢ»

елдерден (Ресей, Грузия, Өзбекстан, Түркия, Корея және БАӘ) де қатысушылар қосылған болатын.

Екі жылдан бері қала соттары тиісті сақтық шараларын сақтай отырып, күнделікті сот процестерін тоқтатпай, жұмысын қашықтан жалғастырып келеді. Әрине, барлық сот процесін 100 пайыз онлайн өткізу оңайға түскен жоқ. Алғашқы кезде техникалық, материалдық және ұйымдастыру жағынан, тағы басқа да бірқатар қиындықтар кездесті. Сондықтан, бастапқыда онлайн режимде өткен сот процестеріне кейбір тараптардың реніші болды.

– *Білікті судья ретінде есіміңіз халыққа жақсы таныс. Реттеу Табиғи монополияларды кезінде агенттігінің бұрынғы басшысы Мұрат Оспановтың, ауыл шаруашылығы вице-министрі Мүсілім Өмірәетті, Парламент Сенатының аппарат жетекшісі қызметін атқарған Ержан Өтембаевты мерзімінен бұрын шартты түрде босатуға қатысты ісін қарадыңыз. Одан бөлек көпшіліктің қызу талқысына түскен Әліби ісіне де төрелік еттіңіз. Жалпы, көпшілік назарында тұрған шұлы істерді қараудың қиындығы неде?*

– Әрбір істің өзіндік қиындығы болады. Өйткені, олардың әрқайсысының артында адам тағдыры тұр. Мен үшін судьялық қызметке кіріскен кездегі ең алғашқы процесім қиын әрі есімнен кетпестей болды. Қиындығы сол – бірінші рет сотталушымен, сотқа қатысушылармен бетпе-бет кездестім және заңды қолдандым. Әр тараптың өз шындығы және өз айтары болады. Соның барлығын ескеріп, алғашқы істі қарау барысында қателік жібермеуге бар күш-жігерімді салып, асқан жауапкершілікпен қарағаным есімде. Ол іс бұзақылық әрекетке қатысты болды. Масаң күйдегі бас жігіт қоғамдық жерде пышақпен бірнеше адамға қатысты бұзақылық жасаған.

Бірнеше сот сараптамасын тағайындап, істің мән-жайын анықтап, оның кінәсі дәлелденген соң, бас бостандығын айыру жазасын тағайындағанмын.

30 жылдан астам судьялық қызметімде маған әртүрлі дәрежедегі істерді, соның ішінде қоғам назарындағы істерді қарауға тура келді. Бірақ, мен үшін олардың барлығы бірдей. Мейлі министр болсын, агенттік басшысы немесе тағы басқа лауазым иесі болсын – оның бәрі Қазақстан азаматы. Сондықтан, заң бәріне ортақ, заң мен сот алдында адамдардың бәрі бірдей деген қағиданы алғышарт ретінде ұстанамын.

– *Сот жұмысы туралы ақпарат таратқанда журналистер нені ескеруі керек? БАҚ өкілдері қандай кемшілікке жиі жол береді?*

– Қала соттарының БАҚ өкілдерімен өзара байланысы дұрыс жолға қойылған. Төтенше жағдайда да, карантинде де журналистермен байланысып тұруға, сот қызметі туралы ақпаратпен бөлісуге және тілшілердің сұрағына жауап беруге кедергі болған жоқ. Оларға қашықтан сот процесіне қатысуға жағдай жасалып, сұраныстары негізінде қоғамның қызығушылығын тудырған істер бойынша баспасөз хабарламасын, комментарийлер және жүзбе-жүз сұхбат та береміз. Журналист – халық пен біліктің арасындағы алтын көпір дейміз. Бірақ, кейде олай емес пе деген ойға қалам. Өйткені, кейбір басылымдарда, әлеуметтік желіде судья іс қарауды бастамай тұрып, сол іс туралы жазатын журналист немесе блогерлер кездеседі. Сондай-ақ, судья қарап жатқан іспен толық таныспай, заңды да білмей тұрып, сыни материал жазатын тілшілер де бар. Мәселен, бірінші сатыдағы соттың шешімі шықты, бірақ әлі заңды күшіне енген жоқ. Ол істің апелляциялық сатыда қаралып жатқанына қарамастан, кей журналистер өзіндік тұжырым жасап, шешімін БАҚ-та жария етеді. Әрине, бұл дұрыс емес! Сондықтан, БАҚ өкілдері сот жұмысы

туралы ақпарат таратқанда, жоғарыда айтылған кемшіліктерге жол бермесе екен деймін. Заңды біліп, іспен жан-жақты танысып, сот үкімін тыңдаған соң ғана, ол жөнінде объективті түрде ақпарат тарату – мүлдем басқа нәрсе. Жалпы, сотта қаралған немесе қаралып жатқан кез келген іс адам тағдырына қатысты болғандықтан, ол туралы жазарда жауапкершілікті естен шығармаса екен.

– *Қазақылықтың қаймағы саналатын Шымкентте медиациялық келісімдер көп жасала ма? Қылмыстық істерде медиация қаншалықты жиі қолданылады?*

– Шымкент қалалық соты құрылғаннан бері медиацияны дамыту және насихаттау жұмысын қарқынды жүргізіп келеді. 2018 жылы сот жанынан Билер кеңесін құрдық. Оның құрамына қаланың ардагерлер кеңесінің мүшелері, зиялы қауым мен БАҚ өкілдері, отставкадағы судьялар енді. Мұндағы мақсат – жұртшылық арасындағы кішігірім жанжалдарды елге беделді, сыйлы ақсақалдардың көмегімен сотқа жеткізбей шешу арқылы дауқестікті төмендету еді. Сонымен қатар, Шымкент қалалық, аудандық оларға теңестірілген соттардың ғымараттарында татуласу бөлмелері және медиаторға арналған кабинеттер бар. Қаладағы аудандық әкімдіктер мен Қазақстан халқы Ассамблеясының жергілікті филиалында, Шымкент қалалық кәсіподақтар орталығында, жұмыспен қамту орталығында және білім мекемелерінде татуласу бөлмелері тұрақты жұмыс жасайды. Олардың барлығы да отбасылық жанжалдан бастап, кәсіпкерлік тағы басқа да саладағы түрлі дау-жанжалды медиация тәртібімен шешуге көмектесіп келеді.

Азаматтық процесіктің кодексіне енгізілген өзгерістерге сай, қала соттарында татуластырушы судьялар жұмыс істеуде. Сотқа түскен талап қою арыздары алдымен татуластыру рәсімін жүргізу үшін татуластырушы судьяларға

беріледі. Өткен жылы, олар 10 жұмыс күні ішінде татуласу келісіміне жету үшін тараптарға және олардың заңды өкілдеріне түсіндіру жұмысын жүргізді. Соның нәтижесінде, 2021 жылы азаматтық істердің 1 512-сі тараптардың татуласуымен аяқталған, бұл 30 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш 2020 жылмен салыстырғанда 3 пайызға көп. Сонымен қатар, қала соттарында 6 қылмыстық іс бітімге келуіне байланысты қысқартылған. Қорыта айтсам, соңғы жылдары тараптардың татуласуы көбейіп, судьялардың да шеберлігі артып келеді.

– *Алқабилер институтының дамымауын кейбір заңгерлер қазақы болмысымызбен байланыстырып жатады. Олардың пікірінше қарғатамырлы қазақтың арасынан кудіктіге туыстық жақындығы жоқ адамдарды іріктеу қиын. Бұл қаншалықты шындыққа сәйкес келеді? Сіздіңше алқабилерге деген сенімді арттырып, алқабилер қатысатын сот отырыстары көбеюі үшін не істеу керек?*

– Алқабилер қатысатын сот істерін көбейту мақсатында 2019 жылғы 27 желтоқсандағы ҚР Қылмыстық заңнамаға өзгертулер мен толықтырулар енгізу арқылы алқабилер сотының соттылығы

кеңейтіліп, алқабилердің қатысуымен қаралатын баптардың саны артқан болатын. Маңызды мәселенің бірі – алқабиге кандидаттардың тізімін жасау. Алқабиге кандидаттарды тексеру және заң талаптарына сәйкес келмейтін адамдарды тізімнен алып тастау үшін жергілікті уәкілетті органдар Құқықтық статистика басқармасына, АХАТ органына, ішкі істер департаментіне сауал жіберіп, мұқият тексереді. Солай бола тұра, өзіңіз айтқандай, олардың сотталушымен туыстық байланысын анықтау қиын екені рас. Десек те, Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында бұл мәселенің шешімі табылып, алқабилердің қатысуымен сот істері қаралауда. Мысалы, былтыр қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында алқабилер құрамымен 6 тұлғаға қатысты 3 іс айыптау үкімін шығарды. Ал, 2020 жылы 1 іс қана қаралған. Бұл – алқабилер соты құрамында қаралған істер санының артуы, қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қаралуы алқабилер институтының дамып келе жатқандығының көрінісі. Жалпы, алқабилер институты еліміздің құқықтық жүйесінде халықтың сотқа деген сенімін нығайту үшін қажет.

Менің ойымша, алқабилердің құқықтық білімінің болмауы істі қарау барысын қиындатады. Сол себепті, алқабилер тізімін жасаған кезде олардың қатарында мүмкіндігінше заңгерлердің көп болғаны дұрыс. Сонымен қатар, азаматтардың құқықтық сауатын арттыру бойынша шаралар ұйымдастырып, құқықтық мемелекеттің сауатты азаматарын қалыптастыру қажет.

– *Соңғы жылдары төраға қызметіне қатысты көп өзгеріс енгізілді. Төрағаның судьяларға ықпалын азайту, құзыретін теңестіру міндеті қойылды. Дегенмен, екі реттен артық төраға болуға шектеудің қойылуы аудандық соттар-*

да төраға қызметінің ұзақ уақыт бос тұруына ықпал етуде. Сіздердегі жағдай қалай?

– Алдымен «Сот төрағасы кім?» деген сұраққа жауап берсем. Төраға – ұжымның тыныс-тіршілігінің ұйытқысы әрі ұйымдастырушысы. Кез келген қатардағы судьяның да, төрағаның да заңды жетік білуі басты шарт. Дегенмен, төрағаның бойында біліммен қатар, біліктілік те болуы тиіс. Оған әділеттілік, ар-иман тазалығы, ұят пен намыс, қарапайымдылық пен кішіпейілділік қосылса, нұр үстіне нұр. Егер төрағаның денгейі өзгелерден оқ бойы озық тұрса, оның әр сөзі өзгелерге өнеге, ісі үлгі болары анық.

Бүгінгі күні аудандық сот төрағасы қызметіне екі мерзімнен (он жылдан) артық тағайындауға болмайтын туралы енгізілген шектеу бар. Бұл судьялардың төрағаларға тікелей тәуелділігін және сот төрағаларының билік ету өкілеттігін азайтты. Олар бұл лауазымда ұзақ отырмай, обыыстық соттың судьясы немесе алқа төрағасы қызметіне ұмтылғаны дұрыс деген пікірдемін. Шын мәнінде, сот жүйесіндегі өзгерістер өз жемісін беруде. Мұның барлығы да Мемлекет басшысының бағдарламалық құжаттарында көрініс тапқан реформалардың қисынды жалғасы деп білемін және бұлар құқық үстемдігін күшейтуге, сот төрелігінің сапасын арттыруға бағытталған. Ал Шымкент қаласындағы аудандық соттарда төраға лауазымының ұзақ уақыт бос тұруы орын алған жоқ.

– *Судьялардың барлық жұмысы көпшіліктің көз алдында. Сот қызметіне, судьялар біліктілігіне қатысты жолданатын арызшағымдар көп пе? Азаматтардың көңілі толмайтын негізгі мәселелер қандай?*

– Шымкент қалалық сотына өткен жылы жалпы жеке және заңды тұлғалардан 296 арыз-шағым түскен. Осы шағымның 201-і түрлі негіздермен және сот жұмысының ұйымдастыру мәселелері бойынша жазылған. Соған байланысты, оларға заң талаптары түсіндіріліп, ел заңнамасына сілтеме жасала отырып, нақты жауап берілді. Сондай-ақ, былтыр түскен арыз-шағымның 74-ін сот актілерімен келіспегендер жазыпты. Осы ретте айтайын дегенім, сот шешімінің нәтижесінде жеңген және жеңілген тарап болады. Шешім заңды әрі әділ болса да, көбіне, жеңілген жақ сотты кінәлап жатады. Судьялардың үстінен түскен әрбір шағым мұқият тексеріліп, зерделенгеннен кейін 2 шағымның ғана уәжі өз дәлелін тапқаны анықталды.

2021 жылы Шымкент қаласының Судья әдебі жөніндегі комиссиясына 9 шағым түскен, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 5 арызға кем. Комиссияда қаралған 2 шағымның уәжі қуатталып, ол бойынша судьяға қоғамдық мін тағылды. 4 шағым өндірістен қысқартылып, 2 шағымның уәжі өз дәлелін таппады және 1 шағым қараусыз кері қайтарылған.

Жұмыс жүргізу тәжірибеммен бөлісем, мен өзім әр сейсенбі сайын қалалық сотқа келген азаматтарды қабылдап, олардың мұң-мұқтажын тыңдап, мәселесін заң шеңберінде шешуге тырысамын. Сонымен бірге, қалалық соттың алқа төрағалары мен Соттар әкімшісінің басшысы да қабылдауға жазылған азаматтарды тыңдап, олардың өтінішіне жауап береді. Мұндағы басты мақсат – азаматтар құқығының бұзылуына жол бермеу.

– *Уақыт бөліп, сұхбат бергеніңіз үшін көп рақмет! Еңбегіңіз жемісті болсын!*

Айнұр СЕМБАЕВА,
«Зан газеті»

РЕФОРМА

Уақыт бір орында тұрмайды. Заман алға жылжыған сайын қоғам да дамиды, өседі. Сол өзгерістер көшінен кейін қалмау үшін әр сала жұмысын жаңартып отырады. Әсіресе, түрлі бастамаларға мұрындық болып, көптеген реформаларды сәтті жүзеге асырып келе жатқан қазақстандық соттың жаңашылдықтары аз емес. Оның игіліктерін азаматтар да тұтынып, көріп, біліп жүр.

Соттағы жаңа идеялар азаматтардың талап-тілегін орындау, халықты сотқа жақындату мақсатынан туындаған. Айталық, бұрын азаматтар арыз-шағымын сотқа өз аяғымен әкеліп тапсыратын. Бір арызды беру үшін қаншама анықтама, құжат жинауы керек еді. Одан бөлек соттан сұратқан құжаттарына өтініш беру, алу үшін де бірнеше күнін, алтын уақытын жоғалтатын. «Сот кабинеті» бірыңғай сервисінің тәжірибеге енгізілуі азаматтардың бір сөтте бірталай мәселесін шешуге көмектесті. Сервис аза-

маттарға үйінен, кеңсесінен шықпай-ақ электронды сандық қолтаңбасының көмегімен арыз жолдауға, қажет құжаттарын шығарып алуына, анықтамаларға кедергісіз қол жеткізуіне мүмкіндік берді.

Сотқа түскен іс-материалдардың судьяларға автоматты түрде бөлінуі де – сенімді нығайтатын өзгерістің бірі. Бұл судьялар жүктемесіндегі ала-құлалықты жойды. Сонымен бірге, істерді компьютердің көмегімен бөлу халықтың сот ісінің әділ өтетініне сенімін нығайтты. Жаңа технология сайбйлас жемқорлыққа тосқауыл қоя білді. Осының бәрі – тынбай ізденістің нәтижесі. Халқымыз «Ізденген жетер мұратқа» дегенді осындайда айтқан болар.

Сот отырыстарын бейнеконференц байланыс арқылы өткізудің де тиімді болғаны рас. Бұл жаңашылдықты жандандыру сот отырысына қатыстын жекелеген азаматтардың жұмысын жеңілдетіп, әуре-сарсанын азайтқан еді. Қазіргі кезде өзін-өзі толық актаған бейнеконференц байланыстың соңы онлайн сот отырыстарына ұласты. Коронавирус инфекциясы кезінде көптеген салалар қауіпсіздік үшін жұмысын тоқтатқанда, қазақстандық соттай

қашықтан іс қарап, қызметін бір сәт те кешеуілдетпегеніне халық куә. Бүгінде онлайн сот отырысын өткізу қалыпты үрдіске айналды. Әсіресе, онлайн соттың тиімділігін республиканың әр өңірінде өтетін сот отырыстарына бір қалада отырып қатысып келе жатқан адвокаттар қауымы дән риза. Сонымен бірге, жұмыс барысымен өзге қалаларда, шетелдерде жүрген азаматтар да онлайн соттарға қатысудың қолайлы екенін алға тартуда.

Сот саласы бұл жетістіктермен шектеліп қалмайды. Өтініштерді онлайн-құрастыру жүйесінің енгізілуі де сол ізденістің жемісі. Бұл жаңа жүйе сотқа беретін өтінішті дайындап береді. Осы тұрғыдан алғанда бұл жүйені судьяның интеллектуалды көмекшісі деуге әбден болады. Мысалы, үкімді дайындау барысында «Судьяларға көмек модуль» жазаның түрі, түзеу мекемесінің типі, қылмыстың қайталануы, татуласу және шартты соттау мүмкіндіктері туралы айтып, көмек беріп отырады. Соның арқасында судья сот тәжірибесімен тезірек танысуға, сөйтіп, уақытын үнемдеуге мүмкіндік алады.

Сот өндірісін роботтандыру бойынша да серпінді

жобалар қолға алынған. Әсіресе, робот-судьялар көпшіліктің қызығушылығын тудыруда. Робот-судьялар нақты алгоритм бойынша жұмыс істейді. Тиісті деректер базасы болған жағдайда, робот бұл жұмысты тез әрі мінсіз атқарып шығады. Дегенмен, шешімге қол қою жауапкершілігі судьяға жүктеледі. Конституциялық талаптар бұзылмайды. Техникалық қателіктерді судьялар өздері түзей алады. Мұндай сот қарауынсыз шешілетін даусыз материалдардың саны аз емес. Ал робот-судьялар осы істерді жедел қарап, судьялардың бар зейінін күрделі істерге бұруына көмектеседі.

Міне, осындай халықты қызықтырған, халықтың жұмысын жеңілдеткен мұндай жаңашылдықтар алдағы уақытта да тәжірибеге енгізілмек. Бұл соттың халық пікірімен санасатынын, ел тілегін ескеретінін, «халықты еститінін» кезекті рет дәлелдейді.

М.МАМУТОВА,
Талдықорған әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Жанель АБЫКЕЕВА,
ҚР Ұлттық ұланы 7552 әскери бөлімінің әскери лазарет басшысы:

«ӘСКЕРГЕ ЖАРАМАҒАНЫНА
ҚУАНУ – НАМЫССЫЗДЫҚ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Пандемия кезіндегі төтенше жағдайларда да алдымен біздің жауынгерлер жұмылдырылды. Біздің сарбаздар қоғам құндылықтарын, мемлекеттің тұрақтылығын, тыныштығын қауіп-қатерден қорғайды. Мысалы, қылмыстық-атқару жүйесінің аса маңызды нысандары мен мекемелерін күзетіп, қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Бейбітшілікке қызмет етіп, өз елін, халқын қорғауға әрбір азамат міндетті.

Бұрын ер-азамат үшін әскерге бармау намыс болатын. Соңғы кездері бұл психология түп-тамырымен жойылды десе де болады. Есесіне әскерге жарамай қалғандарына қуанатындар қатары көбейді. Әрине, бұл өкінішті әрі алаңдатарлық жағдай.

– Жастардың әскерге барғысы келмейтіні ашышындық. Бұл ненің салдары деп ойлайсыз?

– Тәуелсіздік алған жылдары әскери салада жағымсыз жағдайлар болды. Содан көпшіліктің санасында армия туралы қорқыныш қалыптасып кеткен. Бүгінде әскердегі жағдай түзелді. Армияның жастарға барлық жағынан пайдасы көп. Ең бірінші, денсаулығын нығайтып, өзіне көңіл бөледі үйреніп, патриоттық тұрғыдағы тәрбиелерін нығайтады. Азамат болып қалыптасады. Мысалы, өз жұмысыма қатысты айтсам, көбісінің бұрыннан байқалмай келе жатқан аурулары анықталып, емделіп кетеді. Бізде әрбір азаматтың денсаулығы жіті қадағалауда болады.

Біздің лазарет «Оңтүстік» өңірлік әскери бөлімдерін қамтиды. Алматыда қажетті мамандар, ғылыми-зерттеу институттар бар. Біз солармен келісіп, портал арқылы ауруы күрделі сарбаздарды емдетеміз. Түрлі оталар жасалады. Жауынгердің денсаулығын қалпына келтіріп, қатарға қайта қосылуға Ұлттық ұланда барлық жағдай жасалған.

– Жас жігіттердің денсаулығы нашар ма сонда?

– Бұл – өте жан ауыртарлық мәселе. Неге екенін білмеймін, жастардың денсаулығы сын көтермейді. Мүмкін отбасында кішкентайынан дұрыс көңіл бөлінбеген, қажетті медициналық тексерулерден өтіп, дер кезінде ем алмаған болар. Мысалы, неврология, сондай-ақ, миішілік қысым дерттерін (внутричерепная гипертензия) кішкентайынан дұрыс емдетпесе, есейе келе түрлі ауруға ұшыратады. Әйелдің аяғы ауыр кезіндегі кінәраттары балаға беріледі. Көбісі бұған мән бермейді. Қазіргі күні эпидемиия, т.б. ұстаманың жасырын түрімен келетіндер көбейді. Былайғы уақытта байқалмауы мүмкін, бірақ, физикалық тұрғыда салмақ түскенде, ауру белгілері көрініс береді.

Жақында бізде мынадай жағдай болды. Әскерге келгенге дейін өзі ауруын байқаған, бірақ, оған көңіл бөлмеген. Ата-анасына да айтпаған, дәрігерге де қаралмаған. Әскерге келген соң түрлі жаттығулар жасайды, жүгіреді, т.б. Соның салдарынан ауруы асқынған. Біз дер кезінде ауруын анықтап, көмегімізді бердік. Кардиология орталығына жатқызып, жүрегіне кардиостимулятор қойылды. Қазіргі күні сарбаз Қорғаныс министрлігінің госпиталінде денсаулығын түзетіп жатыр. Госпитальда бұл тұрғыда барлық мүмкіндік бар.



– Мұндай жағдайдан кейін науқастар әскерге қайта жіберіле ме әлде үйіне қайтарыла ма?

– Госпитальдан шыққан соң медициналық комиссияның тексеруінен өтеді. Сарбаздың сапқа қайта тұратынын немесе денсаулық жағдайына байланысты үйіне қайтатынын комиссия шешеді.

– Бұл әскерге қабылдар алдындағы медициналық комиссия жұмысының олқылығын көрсетпей ме?

– Азаматтық борышын өтегісі келетіндер арасында ауруын жасыратындар аз емес. Комиссия құрамында министрлік өкілі, тиісті әскери мекеме дәрігерлері бар. Комиссияға жастар жергілікті емханаларда тексеріліп, денсаулығына қатысты анықтамамен келеді. Сондықтан, әр бозбаланың денсаулығына алдымен өзі, сондай-ақ оның ата-анасы, мамандар үлкен жауапкершілікпен қарауы тиіс.

– Әскердегі әлімжеттік туралы да үнемі айтылады. Бұл мәселе қалай шешіледі?

– Қаңқу сөз қашан да болады. Бірақ азаматтар Отан алдындағы міндетін ұмытпауы керек. Әрбір ата-ана ұлын кішкентайынан патриоттық рухта тәрбиелесе, мықты болады. Мысалы, әскери комиссариаттан келген бойда жастарды үш күн медициналық тексеруден өткіземіз. Сол кезде қандай да бір ауруына шағым жасаса, ол сарбазды бақылауда ұстап, қосымша тексерулер жүргіземіз. Шын мәнінде жастар бірден сапқа тұруға дайын болып келуі керек. Өкінішке қарай, ондай деңгейге жете алмай жатырмыз. Біздің бөлімде сарбаз денесінде қандай да бір соққының ізі жоқ па, т.б. күн сайын тексеріледі. Бұл туралы міндетті түрде бөлім командиріне баяндаймыз. Тағы да айтып өтерім, қазіргі күні әскерге келуден қорқудың қажеті жоқ. Әрбір жастың азаматтық борышын өтеуі елді қорғаудың кепілі екенін түсінетін кез жетті.

– Қанша сарбаз бар? Оның барлығын күнде тексеріп үлгересіздер ме?

– Біздің бөлімде жүзге жуық сарбаз бар. Екі сағатта басынан бастап аяғына дейін мұқият қараймыз. Рота командирі бақылап тұрады. Мұндай тексерулер міндетті түрде керек, себебі, ылғи ер адам жүрген жерде

келеңсіз жағдай болуы әбден мүмкін. Ата-аналармен тығыз қарым-қатынастамыз. Қандай да бір ауруын байқасақ, дереу хабарлаймыз. Ата-аналар мен психологтың арнайы чаты бар. Аптасына бір рет сарбаздар ата-аналарымен сөйлесіп тұрады.

Бұрын бала екі жылға әскерге кетеді, келгенше хабарын хат арқылы ғана білетін. Өмірі көріп-білмеген шет мемлекеттерге әскерге барды. Қазіргі армия мүлде бөлек. Телефон, бейнебайланыс арқылы сөйлесіп тұруға мүмкіндік бар. Әскерде болғанның артықшылығы көп. Тіпті жұмысқа орналасу, қызметте өсу үшін де әскери билет қажет.

Әскерге әр үйдің бетінен қақпаған ерке балалары келеді. Оларға бәрін түсіндіріп, үйретесің. «Енді жарты жылда үйіңе қайтасың, шыда» деп жігерлендіреміз. Баланың нағыз азамат болып қалыптасуына бар мүмкіндікті жұмсаймыз. Әскер жастарды физикалық әрі рухани тұрғыда шыңдайды. Мықты мемлекет құру үшін азаматтардың рухты, елжанды болуы міндет. Кейбір жігіттер дайын болып келеді. Олардың қызметте өсу немесе әскери қызметкер болу секілді өз мақсаттары бар.

– Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелеуде қандай шаралар атқарасыздар?

– Патриоттық тәрбие отбасынан басталып, балабақшада, мектепте, оқу орнында жалғасады. Тек дәрігер ретінде емес, психолог, азамат ретінде жұмыс істеуге тура келеді. Жастарға тәуелсіз елімізді қорғау, тыныштық пен тұрақтылықты сақтап, қамтамасыз етуде дайындықтан өтудің маңызын, ел ертені үшін жауапты екенін түсіндіреміз. Арнайы оқу-жаттығулардан өтеді.

– Мұнда мамандар мәселесі қалай шешілген?

– Маман мәселесі тек Ұлттық ұланда емес, жалпы, әскери салада бар. Жас мамандарды тарту оңай емес. Мұнда әскер өміріне белсене араласу қажет. Арнайы форма киіп, түрлі жаттығуларға қатысады. Әскери қызметкерлермен бірдей талап қойылады. Тәртіп қатаң, кез келген уақытта дайын болуды талап етеді. Дәрігерлердің көбі осыдан қашады.

– Азаматтық салаға бармай, әскерді таңдауға не себеп болды?

– С.Асфендияров атындағы Қазақ мемлекеттік медицина университетін бітірген соң, еңбек жолымды Ішкі істер министрлігінің 7552 әскери бөлімінің айдауылдау полкінде терапевт дәрігер болып бастадым. Бұл салада қызмет еткеніме биыл 22 жыл болады. Біз келген жылдары азаматтық дәрігерлердің жалақысы 3000, ал, әскери сала дәрігерлерінікі 20 мың теңге болды. Жеті жыл оқыған соң, материалдық жағдайыңды түзеп, ата-анана көмектескің келеді. Осы жағы әскери саланы таңдауға себеп болды. Қазір өкінбеймін. Ол уақытта мамандар да, штат та жеткілікті еді. Уақыт өте келе штат қысқартыла бастады. Бірақ, 50 төсек-орын сақталып қалды. Штаттың азаюы армия мерзімінің бір жылға қысқаруына байланысты орын алды. Есесіне әскери мамандардың штаты көбейді. Қазіргі күні азаматтық сала дәрігерлерінің мүмкіндігі көп. Олар екі-үш жерде жұмыс істей алады. Біз белгілі бір тәртіпке бағынамыз. Күн-түн демей, кез келген жағдайда жұмыс орнынан табылуға тиіспіз. Дегенмен, әскери салада жүрген дәрігерлердің өз артықшылығы бар. Зейнетке ерте шығады, қосымша пәтерақы беріледі, т.б. жәрдемақылар қарастырылған. Жас мамандарды осындай мүмкіндіктерімен қызықтырамыз. Мәртебесі биік әскери құрылым – Ұлттық ұланда еңбек ету бақыты бұйырғанын әрдайым мақтан етемін.

– Қыздарға каска киіп, автомат ұстау қиын емес пе?

– Бұл жан кинарлық жағдай емес. Оперативті полкте қызмет етудің өзіндік қиындықтары бар. Елдің тыныштығын қамтамасыз етуде күн-түнге қарамай, дайын жүресің. Мысалы, қазір дабыл қағылса, арнайы формалды киіп, автоматымды ұстап, 10 минутта сапқа барып тұрамын. Әскерилердің тірлігі жедел қимылды, мықты дайындықты талап етеді.

– Сіздіңше армияны екі жылға ұзартудың қажеті бар ма?

– Әскери борышын аяқтап кетіп бара жатқандардың кейбірі келіп қостасады. Оны ең алғашқы келген кезімен салыстырсаң – жер мен көктей. Жинақы, тап-таза, көзінде от бар. Соған қарағанда бір жылдың өзі аздық етпейді. Отан алдындағы борышты өтеу – міндет. Осыны біз жастарымыздың санасына жеткізе білуіміз керек.

– Қазақ әскерінің деңгейі қаңтарда байқалғандай болды. Бұл тұрғыда не айтасыз?

– Қаңтар оқиғасы бізге біраз жайтты аңғартты әрі сабақ болды. Елдің қауіпсіздігі бірінші кезекте, сондықтан әскерді нығайту – міндет. Ұлттық ұлан жауынгерлері мен медициналық қызметкерлері дайын болды. Бірінші күннен бастап жедел жәрдем көрсеттік. Алғашында 7552 бөліміндегі өз міндетін орындау барысында зардап шеккендерге көмек жасасақ, 5 қаңтардан бастап басқа әскери бөлімдердің әскери қызметшілері әкелінді. Өзіміз көмек бере алатын жаралыларды алып қалып, жағдайы ауырлар Қорғаныс министрлігінің госпиталіне жіберілді. Бұл шараларды атқару бізге оңай болған жоқ.

– Әңгіменізге үлкен рақмет! Жұмысыңызға табыс тілейміз.

Әңгімелескен
Түймегүл СМАҒҰЛҚЫЗЫ

БАҒДАР

Қазіргі заманда цифрлы технологияның экономикалық дамудағы ролі арта түсуде. Жалпы цифрландырудағы жаһандық тренд пен халықаралық тәжірибе бүгінде ғаламторлық экономиканың дамыған елдерде жыл сайын 25 пайызға өсіп бара жатқанын көрсетіп отыр. Қазіргі таңда бір мезетте 35 млрд құрылғы ғаламторға қосылып, ақпараттар алмасуын жүзеге асырады. Бұл көрсеткіш әлемдегі жалпы тұрғындар санынан 5 есе көп.

ЦИФРЛАНДЫРУ –
КЕШЕНДІ
ӨЗГЕРІСТЕР
ДРАЙВЕРІ

Цифрлық революция біздің көз алдымызда дамуда. Бұл өзгерістер – соңғы жылдары әртүрлі салаға енгізілген жаңалықтардың нәтижесі. Өндіріс пен қосымша құн алу әдістері түбегейлі жаңғырып, білімге, адамдардың еңбек дағдыларына жаңа талаптар дүниеге келді. Өнеркәсіптік ғаламтор заттары өндірістің икемді және ақылды мүмкіндігін пайдаланып, өнімділіктің қарқынды өсімін қамтамасыз етуде. Жасанды интеллект қаржы және медицина секілді консервативті салаларда да енгізілуде. 3D-баспасы технологиясы авиация, логистика, биомедицина және автомобильдік өнеркәсіп секілді салалардың өзгеруіне ықпал етуде. Блокчейн ақша жүйесінің жаһандық өзгерісін жасаудың барлық артықшылықтарын иеленіп отыр.

Төктерін айтқанда, цифрландыру қарқыны өсіп бара жатыр. Әлем елдері цифрландырудың ұлттық бағдарламасын жүзеге асыруда. Бұл көштің алдында тұрғандар – Қытай, Сингапур, Жаңа Зеландия, Оңтүстік Корея, Дания. Канада коммуналдық технология инфрақұрылымының хабын құрып жатса, Торонто, Сингапур «ақылды экономиканы» қалыптастыруда. Оңтүстік Корея «креативті экономика» бағдарламасында адам капиталын, кәсіпкерлікті дамытуға бейімделуде. Дания мемлекеттік секторды цифрландыруға ұмтылып отыр.

Қазақстанда да жүзеге асырылып жатқан цифрландыру бағдарламасының негізгі мақсаты – тұрақты экономикалық өсімге қол жеткізу үшін цифрлы экожүйені жаңа сипатта дамыту, экономика мен ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тұрғындардың өмір сапасын жақсарту. Бұл өнеркәсіп пен электроэнергетика, көлік пен логистика, ауыл шаруашылығы, қаржы мен қолма-қол ақшасыз есеп айырысу, мемлекеттік органдардың ішкі қызметін цифрландыру, «ақылды» қалаларды дамыту, байланыс желілері мен ақпараттық-коммуникациялық технологияның инфрақұрылымын кеңейту, тұрғындардың цифрлық білімін көтеру, технологиялық кәсіпкерлікті дамыту, инновацияға сұранысты қалыптастыру, тағы басқа басым бағыттардың айқындалуына алып келді. Осы тұрғыда 17 бастама түзіліп, 100-ден астам шара өткізілді.

Цифрлық даму, инновация және аэроғарыштық өнеркәсіп министрі Бағдат Мусиннің айтуынша, цифрландырудың барынша тиімді, қолайлы және пайдалы ету мақсатында Цифрлық офицерлер институты құрылып, былтыр цифрландыруға жауапты вице-министрлер үшін (CDO) тиісті KPI енгізілді. Әсіресе, бүгінгі жағдайда CDO – инновациялық және технологиялық экономиканы қалыптастыру жолында жүйелі өзгерістердің драйвері. Олар өздері қадағалайтын салаларда, яғни ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, энергетика және тағы басқа салаларда инновацияларды енгізіп, жаһандық трендтерден қалмай, құзиреттіліктің технологиялық орталықтары мен инновациялық экожүйені қалыптастырып, міндеттерді жүзеге асыру үшін отандық стартаптарды тартып, халықаралық BigTech компаниялар мен отандық ғылыми қауымдастықтың мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануы тиіс.

Елді мекендерді интернетпен қамту, байланыс сапасын арттыру және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында да біраз жұмыс атқарылды. Республикалық маңызы бар Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында сыналып жатқан 5G жасауын технологиясын биыл осы қалаларда коммерциялық қолданысқа енгізу көзделіп отыр. Өткен жылдардың қорытындысы бойынша 1257 ауыл талшықты-оптикалық байланыс желілері (ТОБЖ) арқылы кең жолақты интернетпен, 928 елді мекен мобильді ҚЖҚ қамтылды.

Байланыс сапасын арттыруға да баса назар аударылуда. Былтыр 611 елді мекенде мобильді ҚЖҚ жақсартылса, биыл 157 ауылдағы интернет сапасын арттыру жұмыстары жоспарланған. 2021 жылы Цифрлық даму, инновация және аэроғарыштық өнеркәсіп мамандары байланыс сапасы бойынша 562 тексеріс жүргізіп, бекітілген параметрлерді бұзғаны үшін байланыс операторларына 132 млн теңге айыппұл салынды. Бұл орайда биыл сапасыз байланысқа айыппұл көлемін 1500 ЕАҚ дейін көтеру жоспарланып отыр.

Қазіргі таңда Каспий теңізінің түбінде ТОБЖ салу жұмыстары қолға алынды. Бұл – біздің елімізді Еуразия орталығындағы цифрлық хабқа айналдыру жолындағы маңызды және ауқымды жобалардың бірі. Сондай-ақ былтыр Қазақстан +997 телефондық кодын резервке алған болатын, бірақ әлі де +7 аймағында қалу мүмкіндігі бар. Осы бағытта ЦДИАӨМ мамандары ресейлік тараппен және Халықаралық электр байланыс одағымен тиісті жұмыстар жүргізіп жатыр. Сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді жетілдіру, бизнес-процестерге реинжиниринг жасау жұмыстары да қарқынды жүруде. Бұл орайда 110 бизнес-процеске сараптама жасалып, қажетсіз үдерістер анықталды. Қазір өзекті процестерді цифрлау басталды, оң нәтижесі де байқалуда.

Бүгінгі таңда бірқатар маңызды мемлекеттік қызметтер проактивті түрде көрсетіледі. Бірақ, министрдің айтуынша, барлық қызметтер проактивті форматта ұсынылуы тиіс, яғни азаматтар түрлі мекемелерге жүгініп, табан тоздырмауы керек. Осы бағытта министрлік 2022 жылы тағы 20 проактивті қызмет енгізуді жоспарлап отыр.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

ДЕНСАУЛЫҚ

МАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ ҚАУІПСІЗДІГІ

Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан және қоғамның белсенді бөлігі ұлт денсаулығы мен өсім келе жатқан бел-ен ұрпақтың сау әрі салауатты болып өсіп қалыптасуына аса көп көңіл бөледі. ҚР әрбір азаматы күнделікті тұтына-тын тауарларының және тағам өнімдерінің пайдасы мен зияны туралы мәселелер талқыланып, ұлт денсаулығына зиян келтіретін тағам өнімдерінің сауда айналымынан шығуына мемлекет тарапынан белгіленген заң шеңберінде шектеулер қойылууда.

Осы тұста халық көп тұтынатын және әрбір қазақ отбасының дастарханынан табылатын май өнімдерінің қауіпсіздігіне тоқтала кеткенді жөн көріп отырмыз. Май өнімдері – жалпы тұтынуға арналған азық-түлік тауарла-ры, олардың шикізаты өсімдік және жануар тектес майлар мен майлар. Ал май өнімдерінің аса маңызды құрамдық бөлігі, оның шектік мөлшері жоғарылағанда адам өміріне қауіп туғуы мүмкін құрамдас бөлігі – трансизомерлер болып табылады.

Трансизомерлер дегеніміз не? Олар қайдан пайда болады? Оларды заңнамалық түрде не себепті шектеу керек? Бұл туралы бәрі бірдей біле бермейді.

Май өнімдерінің қауіпсіздігі туралы Кеден одағы-ның техникалық регламентінің (КО ТР 024/2011) талаптарына сәйкес, май қышқылдарының трансизо-мерлерінің көрсеткіші қатты май өнімдерінің барлық түрлері үшін өнімдегі май құрамының шектік мөлшері 2,0% аспауы керек және өнімдегі транс майлардың саны туралы ақпарат міндетті түрде тұтыну қаптама-сында көрсетілуі тиіс деген талапты белгіледі. Бұл мар-гариндерге, өсімдік-май және өсімдік-май спредтеріне, ерітілген өсімдік-май және өсімдік-май коспаларына, арнайы мақсаттағы майларға, оның ішінде аспаз-дық, кондитерлік, нан пісіру майларына, сүт майын алмастырғыштарға, какао майының баамаларына, SOS-типті какао майын жақсартқыштарға, POP-типті какао майын алмастырғыштарға, Лаурин емес және

Лаурин түріндегі какао майын алмастырғыштарына да қатысты.

Трансмайларды тұтынуды азайту үшін өнімдердегі жапсырмаларды оқып, өнімнің құрамына кіретін ингре-диенттерге ерекше назар аудару керек. Сонымен қатар, егер де сіз тамақ өнімдерін таңбалауда «ішінара гидро-генделген майларды» көрсеніз, бұл трансмайлар болып табылатындығын ескергеніңіз жөн.

Дархан СИСЕНОВ,
Алатау аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

Айдана АЙТЖАНОВА,
санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің бас маманы

КЕСЕЛ



ПАРАҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқор-лықпен күрес ең өзекті мәселенің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өр-кеніп, мол қаражат және қоғамдық бәсекеlestік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқ-сан келтіріп отыр. Сондықтан да мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі – осы індетпен күресу.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң та-лабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылууда. Әсіресе, халық паракорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқа-руына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі бола-ды. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңына сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мем-лекеттің органдары мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік органдардың, ұжымдар-дың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындауын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – азаматтардың арыз-шағымы. Мемле-кетіміздің әрбір азаматы ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белен алады» деген нақыл сөз қай салада болмасын, еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, адал қызмет етіп, жемқор-лықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне не боламыз.

Жандос ЕСБОЛУЛЫ,
Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маман сот отырысының хатшысы
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ТУБЕРКУЛЕЗ ЖҰҚПАСЫ ЖӘНЕ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ

Туберкулез дегеніміз не?

Туберкулез – бұл өкпе және лимфа түйіндерде ерекше қабыну өзгерістерінің пайда болуымен си-патталатын жұқпалы ауру. Туберкулез – бұл тек өкпе ауруы ғана емес, сонымен қатар адамның барлық ағзаларының – сүйектердің, бүйректердің, мидың және ми қабықтарының, терінің, көздің және басқа ағзаларында да зақымдануы. Алайда өкпе туберкулезі жиі кездеседі.

Жұқтырудың негізгі көзі – туберкулездің ашық түрі-мен ауыратын, яғни сыртқы ортаға микобактерияны бөлетін адам.

Туберкулез қалайша тарайды?

Туберкулез адамнан адамға ауамен таралады. Ту-беркулез қоздырғышының сыртқы ортада ұзақ уақыт сақталу қабілеті бар, жылдар бойы өмір сүруге қабілетті. Туберкулез ауруына тек адамдар ғана емес, сонымен қатар малдар да шалдығады: сиыр, ешкі, бұғы, түйелер. Ауру жануардың сүті немесе еті адам үшін жұқтыру көзі болуы мүмкін.

Наукас өмір сүретін жерде санитариялық жағдайлар мен сақтық шараларын сақтау өте маңызды. Өкпе тубер-кулезінің ауруы иммунитет төмендеген, жеткіліксіз та-мақтану, қанағаттанарлықсыз санитариялық-гигиеналық

жағдайларда орын алады. Негізінен иммунитеті нашар жас балалар, жасөспірімдер және иммунитеті төмен қарт адамдар ауырады.

Туберкулез ауруына ықпал ететін факторлар:

- Толыққанды тамақтанудың болмауы;
- Туберкулезбен ауыратындармен тығыз, ұзақ ка-рым-қатынас жасау (кішкентай балаларға қысқа мерзімді қарым-қатынастың өзі жеткілікті);
- Маскүнемдік;
- Темекі шегу;
- Нашакорлық;
- Ілесе аурулардың болуы (диабет, асқазан жарасы, өкпенің созылмалы аурулары).

Туберкулез белгілері: ұзақтығы екі аптадан асатын жөтел, шаршау және әлсіздік, дене салмағының төменде-уі, температураның ұзақ көтерілуі, түнде тершеңдік, кеуде қуысындағы ауырсынуы; қан түкіру.

- Туберкулезді қалай анықтауға болады?
- Тері туберкулин сынамасы (манту) адамның жұқты-рғанын көрсетеді;
- Рентгенологиялық тексеру (флюорография) өкпенің зақымданғанын көрсетеді;
- Бақырақты зерттеу жөтел кезінде бөлінетін ми-кробтардың бар-жоғын анықтайды;

Туберкулездің алдын алу шаралары: салауатты өмір салтын ұстану, жеке гигиена ережелерін сақтау, дұрыс тамақтану, уақытымен екпелерді алу (туылған кезде БЦЖ-мен міндетті түрде вакциналау және 6-7 жаста қайта вакциналау), туберкулезді дер кезінде диагнос-тикалау.

Сонымен қатар, Алматы қаласы бойынша 2022 жылдың 24 ақпан - 24 наурыз аралығында Дүниежүзілік туберкулезге қарсы күрес күніне арналған айлық өт-кізіліп жатыр. Туберкулезбен күрес айлығының ұраны: «Туберкулезге қарсы күреске қаражат салыңыз. Өмірді сақтаңыз». Осы айлықта медициналық қызметкерлер тұрғындар арасында санитарлық-ағарту жұмыстарын күшейтіп, туберкулез ауруы туралы кең мағлұматтар береді.

Сол себепті жоғарыда көрсетілген алдын алу шарала-рының барлығын сақтап, өздеріңізді туберкулез ауруынан сақтаныздар!

Д.СИСЕНОВ,
Алатау ауданы СЭББ-ның басшысы

Г.МАКУЛБЕКОВА,
эпидемиологиялық бақылау және қадағалау бөлімінің бас маманы

ЖАРНАМА

ӨРТУРАІ

2. Алматы қаласы МАЭС-нің 07.02.2022 ж. ұйғарымымен «Производственная компания «Вулкан-С» ЖШС-не қатысты, БСН 0004400007090, оңалту рәсімдерін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды. Талап-шағымдар осы хабарландыру интернет-ресурста жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Қабдолов көшесі, 16, 10/4 кеңсе. Тел: +7 707 333 1962.

3. «Қыдыр» пәтер иелерінің кооперативі» тұтыну кооперативі, БСН 961240002996, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-ша ғымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: индекс 120211, Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мәдениет ауылы, Тобаев көшесі, 11.

4. «Сандық техника және технологиялар институты» акционерлік қоғамы, БСН 150440001248, өзінің «Сандық техника және технологиялар институты» ЖШС болып қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішіндемына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сәтпаев көшесі, 22В.

7. «Baiterek Catering» (Байтерек Кэтиринг») ЖШС, БСН 150540021288 «КЕЛТИК ЭЙЖН ГОЛД» ЖШС-ға, БСН 040640004942 қосылу жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда

қабылданады: ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Қ.Сәтбаев д., 15/2 үй, 21д п., индекс 070016, телефон: 87019396282.

10. «Astana Motors Shymkent» ЖШС (БСН 210740031305), жарғы капиталының азайғандығы туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 (бір) ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, Алпысбаева көшесі, 125/8, индекс X17X0M4.

12. Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық эконо-микалық сотының 2022 жылғы 17 ақпандағы ұйғарымымен «Азия Баканас» ЖШС-не (БСН 110340015516) оңалту рәсiмiн қолдану туралы азаматтық iс қозғалды. Нақты мекенжайы: ҚР, Ақтөбе қ., «Саздинское лесничество» бау-бақша ұжымы, 27 үй.

6. «КЕЛТИК ЭЙЖН ГОЛД» ЖШС, БСН 040640004942 өзіне «Baiterek Catering» (Байтерек Кэтиринг») ЖШС, БСН 150540021288 біріктіру жолымен қайта ұйымдастырылатыны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Нұр-Сұлтан қ. Республика д., 7/2 үй, 57 п., индекс 010000, телефон: 87019396282.

8. Хабарландыру 2022 жылғы 18 наурызда ПҚ «ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ» РҚБ Бесінші есеп беру - сайлау конференциясы өтеді. Конференцияға Республикалық бірлестіктің филиалдарынан сайланған делегаттар қатысады. Делегаттар жаңа ауыстырылған «Желтоқсан ардагері» куәліктерімен келуге міндетті. Конференцияның өтетін жері:Алматы қ. Абайл хан даңғылы, 105. Жазушылар одағы ғимараты. 18 наурыз 2022 ж. сағ. 11:00. ПҚ «ЖЕЛТОҚСАН АҚИҚАТЫ» РҚБ басқармасы

13. Қазақстан Республикасындағы «Oman Pearls Company Limited» (Оман Перлз Компани Лимитед) Компаниясының Филиалы («Филиал»), БСН 060241016207, өзінің таратылуы туралы хабарлайды. Филиалға қатысты барлық кінә қою осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзімі ішінде Филиалдың тіркелген мекенжайы бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Шевченко көшесі, 157/47 үй, т.б.б. 101.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), ди-ректоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шым-кент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл кө-шесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхамет-ханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай кө-шесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Пе-тропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Де-партаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қос-танай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 870584147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызыл-орда қ., Әйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді кө-шесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қа-зақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Влдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агент-тігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 70 www.gazetyisatys.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абайл хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даң-ғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybayeva@mail.ru. Барлық хабарлан-дыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Пав-лодар қаласы, Крупская көшесі,61, кеңсе 23.

(Жалғасы. Басы газеттің №17, 18 сандарында)

Әрі-сәрі оймен үйге де жетті. Анасы мен келіншегі үмітпен көз тастайды, бұл болса, жерге қарайды. Үн-түнсіз шайға отырды. Тамақ батпады бірақ. Осылай кеш түсті, қаланы іңір қаранғылығы тұм-шалады. Баладан хабар жоқ. Телефон бол-са тым-тырыс. Бір заманда зарықтырып барып сыңғырлап қоя берді. Сағат түнгі он бірден асыпты. Таныс дауыс.

– Бала қайда? – деп тап берді Асқар. – Айтқан ақшанды бердім ғой.

– Мен ақша алған жоқпын!

– Қалай алмайсың? Уәдеме тұрдым. Қызыл пойыздың он жағына ілдім. Сен айтқан жерге. Сен де уәденде тұруың керек.

– Алған жоқпыз. Шын айтам!

– Алмасаң менің кінәм не?

– Сенің кінәң менттерді үйіп әкелдің.

Сол себепті жақындай алмадық.

– Қателесесің! Мен ешкімге хабар-лағам жоқ. Алланың атымен ант етем!

– Өйтіп бұлтақтама! Менттеріне айт, келме де. Әйтпесе балана қиын болады.

– Мен ақшаны апардым. Ментте ша-руам жоқ, балам қайтса, болды.

– Ертең кездесеміз.

– Әй, сен...

Үзіліп кетті. Асқардың іші алай-дүлей. Бұ қалай? Ақша да жоқ, бала да жоқ болғаны ма?

Арада жарты сағаттай уақыт өткенде телефон шылдыры естілді.

– Біз ақшаны ала алмадық. Ертең кез-десеміз. Ақшаны сонда әкелесің!

– Менде қазір бір тиын ақша жоқ. Отыз мыңның өзін қарызданып жинадым. Фирманың есеп шотын жауып тастаған, тексеріп жатыр.

– Соқпа өтірікті! Сенде ақша бар. Біздің қолымызға ақша тимей баланды босатпаймыз! Болды! Бітті!

Телефон тағы да үзіліп кетті.

Келесі қоңырау түн ортасында ша-лынды. Асқардың көзі ұйқыға енді ғана ілінген екен, шошып оянды.

– Ертең ақшаны алып, бірінші апте-каға...

– Мен ешқайда бармаймын! – деп дауысын көтеріп, сөзін бөліп жіберді. Сонан соң тез сабасына түсіп: – Жігіттер, ақша табу деген оңай емес. Сендер маған уақыт беріңдер. Жан-жақтағы бизнесмен достарыма айтып, ақша жинайын.

– Біздің онда шаруамыз жоқ! – деп, анау байланысты кілт үзді.

Келесі күні қоңырау соғылмай, Асқар әрі-сәрі ойдан арыла алмады. Сұраған ақшасын берсе іс бітеді, бала үйге ора-лады деген үмігі тас-талқан болғасын, енді үміттен гөрі күдік басым түсе берді. «Бұлар осылай кісіні емексітіп, кан-далаша сора беруді ойлап жүрмесін. Жо-жоқ, Батырханның дауысын естімей ақша берілмейтінін үзілді-кесілді айтуға тиіспін» деген ойға табан тіреді.

Көп күттіріп, кешкі сағат алтыдан өте телефон соғылды.

– Ақша дайын ба? – деді біреу ай-шай жоқ. Асқардың ашуы бұрк етіп көтеріліп, балағаттап жібере жаздап, өзін өзі әрең тежеді де:

– Толық емес. Ертең дайын болады,

– деді.

– Қайда апаруды ертең айтам.

– Шефің кім? Мен сонымен сөйлесуім керек.

– Мен шеф!

– Шеф болсаң, менің мынадай шар-тым бар. Сендер ұлымынң дауысын естір-тулерің керек. Әйтпесе ақша берілмейді.

– Ұлыңның жағдайын ойла. Ол психо-вать етіп жатыр.

– Ұлым аман екеніне мен де сенімді болайын.

– Ұлың аман. Ақшаны тездет! – деді де, байланысты үзе салды. Асқардың жаны күйзеліп, телефон тұтқасын ко-лына ұстаған күйі дағдарып тұр. Келесі қоңырауды күтпеске амалы кәне? Келесі қоңырау зарықтырып, ертеніне таянертең соғылды. Тұтқаны құлағына апарғаны сол екен, Батырханның дауысы сыңғырлап қоя бергені. «Папа... әжемді сағындым... сізді сағындым... мамамды сағындым... Мені алып кетіңізші!...» деді де, пыр-пырс жылап жіберді. Батырханның да-уысы магнитофоннан шығып тұр. Асқар

жанарына толып шыға келген көз жасын Салтанатқа байкатпай бір сықты.

– Естідің бе?

– А-а, иә, иә.

– Бір сағаттан соң күт!

Осыдан соң байланыс шорт кесілді.

– Не дейді? – Салтанаттың дауысы үзіліп шықты.

Маған ғой балам үйге аман келсе болды. Ал мына жігіттерге қылмыскерді ұста-май абырой жоқ? Әрине, бұл олардың жұмысы, жұмысын ойламайтын адам бола ма? Ойлайды, қылмыскерді ұстап, шендерін өсіруді тілейді. Мұнда біреуін ұстап алар, ал анда нешеуі бар екен? Обал-сауапты білмейтін нәлеттер Батыр-

ҚЫЗЫЛОРДАША



КИДНЭППИНГ

– Аман екен... тірі екен... күтейік. Қырық минуттан соң телефонға тіл бітті.

– Ақшаны алып, елуінші аптекаға кел!

– Қазір, – деді Асқар, – міне, қазір.

Ауыз үйде топлин киіп жатып:

– Кеттім, – деді. Кетіп бара жатқанын

онсыз да біліп тұрған шешесі мен Салта-наттың көздерінде жас.

– Айналайын, Алла жолыңды оңғар-сын! – деп кейуана кемсендеп бата беруге ыңғайланды. – Жортқанда жолың болсын, жолдасың Қыдыр болсын! Батырханыма ғайып ерен, қырық шілтен қорған болсын! Қолтығынан сүйеп, демесін! Әумин!

Асқар мен Салтанат қосыла бет си-пасты.

Дәріханаға жеткен соң, өткендегідей сипактап жүріп алмай, бірден дәрі беретін терезенің көзіне жакын барып тұрды. Біраздан соң дәріханашы апай: «Асқар кім екен? Асқар деген бар ма араларыңда?» деді терезеден жиылған көпшілікке қарап. «Мен – Асқар!» деді бұл. «Асқар болсаң алшы, емханадан іздеп жатыр!» «Иә, иә, әкеліңіз!...»

– Сағат он екіде сені старый казахский кладбищеде күтеді. Темір жолмен тү-йіскен жерде. Түсіндің бе?

– Вокзал жактан барайын ба?

– Жоқ. Тесік көпір жактан.

– Машина бара ала ма ол жерге?

– Сөзді көбейтпе! Ескертіп қояйын, осы жолы ала алмасақ, бала жоқ саған!

Асқар тағы да әлдене демек еді, байла-ныс үзіліп кетті. Тұтқаны дәріханашының қолына ұстата салып, сыртқа ұмтылсын. Сәлден соң оның көлігі қорымға қарай жүйткіп бара жатты. Алайда орта қолға жеткенде тежегішті басып, кері бұрылды. Ойына арнаулы қызмет адамдары айтқан кеңес түсе қалған-ды.

«Олар ақша алатын жерді жіті зерт-тейді. Қайтар жолын да белгілеп қояды. Сытылып кетуі оп-оңай. Сондықтан шақырған жерін өзгертуге тырысыңыз. Әрнені сылтау етіңіз. Сөйтіп, алдын ала жасаған жоспарынан жаңылысты-рыңыз» деген Бауыржан Ахантай соңғы рет Әділ Атабаев екеуі келгенде. Екеуі де комитет қызметкері. Жас жігіттер. Өз бауыры жоғалғандай жанын салып жүр. Сөздерінің жаны бар. Олар қалың қорымға сіңіп, адастырып кетсе, не бол-мақ? Не бала жоқ, не ақша жоқ, екі арада тағы да тақырға отырып калсақ қайттік?

ханды... жо-жоқ, о жағын ойлаудың өзі қорқынышты.

Осы сәт басына «әлде барғаным дұрыс па екен» деген ұшқын жылт ете қалсын. Сол-ақ екен, машинаның жылдамдығын баяулатып, қорымға қарай қайта бағыттай бастады.

Қорымда өзінің ата-әжесі, әкесі, басқа да аяулы ағайындары жатыр. Марқұмдар-дың басына барып, құран бағыштап қайтқан сайын өмірдің өткінші екеніне көзі жете түседі. «Қанағат, рақым ойлап кой» деген Абайдың сөзін іштей қайта-лап айта береді. Қырық жасқа толмай әкесі аттаныпты. Отыз төрт жасында төрт баламен жесір қалған анасы еріне жиі құран бағыштап, «әкеңе оқыған құранның сауабы барады» дейтін. «Өлі риза бол-май...» деген тәмсіл жастайынан санасына орнығып қалғаны содан. Қорымда жатқан әкесінің басына дәретсіз жақындауға дәгі шыдаған емес. Сөйткен адам енді құзгын-дардың кесірінен дәретсіз, дысмсыз баруға мәжбүр. Қара ниеттілер онымен қоймай, мәңгі ұйқыдағы аяулы аруақтардың тыныштығын алмақ. Төбелеріне ойнақ салмақ.

Осыны ойлағанда, аяғын тежегішке еріксіз апарды. Машинаның жылдам-дығын азайтып, кері бұрылды. «Жоқ, болмайды. Басқа жерде кездесу керек» деп күбірледі.

Шешімінің дұрыс-бұрысын айыра алмаған қалпы үйге де жетті. Сұраулы жүзбен қарсы алған келіншегі мен шешесіне істің жөні оңғарыла бастағанын қысқаша айтып жұбатты да, бөлмесіне кіріп кетті.

«Олар сағат он екіде ескі қазақ ко-рымына кездесуге келісті» деген шұғыл хабар жедел тергеу тобын басқарып отырған полиция полковнигі Ғалымжан Ахметұлына сағат он бірден қырық жеті минут өткенде келіп түсті. «Он үш-ақ минут қалды» деді Ғалымжан. Сөйтті де, жедел уәкілдерден құрылған топқа сонда жетуге бұйырды.

Сағат он екі болды. Тым-тырыс. Он минут өтті. Өзгеріс жоқ. Жиырма минут жылжып жетті. Асқар келмеді. Бұл қалай? Осы сұрақ жедел тергеу тобын дағдар-тып-ақ тастап еді. Түскі сағат бірден он бес минут өткенде жұмбақтың шешуі белгілі болды.

«Саған бала керек емес пе? Неге кел-медін?» – Асқардың үйіне телефон соққан дауыс естілгенде, оны тындап отырған арнайы қызметкер мәселенің мәнісін енді ұғып, басын шайқап қойды.

«Ол қорымда әкем жерленген. Дәрет алып, құран оқып бару керек. Әйтпесе, саған да, маған да жақсы емес. Кідірген

жөнелді. Құйындай ұйтқып, қарасына көз ілестірмеді. Сол күйі қорым жаққа сіңіп, жоғалды. Енді бір қараса, ақ машина да ғайып болыпты. «Ақшаны алып кетті!» – деді алас-қапас оқиғадан есеңгіреп қалған Темірхан құбірлеп.

Мұндай абыройсыздықты облыстық ішкі істер басқармасы өмірінде бастан кешпеген шығар. Басшылықтың бір сәт дағдарып қалған сәті еді. Осы кез Асқар-дың үйін бақылауға алған жансыздан «ба-ланы бір такси үйіне әкеп тастады» деген хабар түссін. «Жасыл комби» дейді. 99 деген нөмір санын көзі шалыпты. Үшінші саны белгісіз, аңғармай қалған. Үстінде таксидің айдар белгісі бар.

Жедел тергеу тобының мүшесі Әмір-бек Бердібекұлы рациямен жол поли-циясы қызметкерлеріне табан астында тапсырма берді. «Жасыл комби. Нөмірінің алғашқы екі саны – 99. Үшінші саны бел-гісіз... ұстау керек. Бәрін жұмылыңдар!»

Арада он минут уақыт өтті ме, өтпеді ме, жеке шақыру нөмірі – 302 самбырлап қоя берді: «Жасыл комби. Нөмірі 992. Ұстап тұрмыз. Солтүстік өткелдің алды!» «Қазір жетем! Ешқайда кетпесін!» – деп қысқа бұйрық берген Әмірбек қызметтік көлікке отыра салып, жарығын жарқыл-датып ала жөнелді. Жанында рота ко-мандирі, полиция капитаны Алтынбек Әбжаппаров. Гагарин ықшамауданына апаратын өткелге жетіп келсе, жасыл ко-мби жол жиегіне қаңтарулы тұр. Таксиші жігіттің көзінде үрку бар.

– Мұратбаев пен Жақаев көшелерінің қиылысына сен бе апарған баланы?

– Иә, мен.

– Онда ендігі әңгіменді ГОВД-да айта-сың. Мәшиненді жап. Бізге мін.

– Мен не істеп қойдым? Кінәм не? Таксовать етіп жүрген адаммын.

– Қорықпа, кінәң жоқ. Көп ұстамай-мыз, – деген Әмірбек полиция қызмет-керіне бұрылып: – Комбиді қарап қой, ешкім тимесін, – деп тапсырды.

Қалалық ішкі істер бөлімінде отырған жедел тергеу тобының мүшелері төрт көзі түгел. Баланың аман-есен ата-анасына қо-сылғанын естіген олардың қуанышында шек жоқ.

Таксистің аты-жөні Ыдырыс Досжа-нов екен.

– Бала қайдан отырды? – болды алғашқы сұрақ.

– Титов шағын ауданы. Комбинатская-Гастелло көшелерінің қиылысы.

– Кім салып жіберді?

– Қара әшкік киген жігіт.

– Жасы нешелерде?

– Аңғармадым. Жас сияқты.

Сұрақ-жауап хатталып, баланы алған жерді таксишімен бірге нақтылауға жедел уәкілдер аттанып кетті.

Тергеуші Темірхан Қанатбаев баланың үйіне оралғаны туралы хабарды естіген бойда ұшып отырып сонда жеткен-тұғын. Батырханмен бірге қопарыла көшкен бар-лық қуаныш, барлық шаттық, енді үйге оралған онымен бірге түп-түгел қайта ор-напты. Батырхан екі көзі жытырап әже-сінің бауырында отыр. Әженің мейірімін сағынып қалған. Кейуана да немересін панасына алып, айналып-үйіріледі.

Ұй толған қонақ. Ағайын-туыс. Дос-жоралар. Батырханның жоғалғаны, ата-анасының күңіреніп қайғыға оранғаны оларға да оңай тимеген.

Темірхан әжесінің бауырында отырған балаға жакын барды.

– Балапан, әжең келдің ба? – деді күліп. Көзін қысып қойды. – Мен поли-цеймін. Білесің ғой. Енді екеулеп сені қа-мап қойған жаман адамдарды ұстаймыз. Айтпақшы, олар нешеу?

– Міне, мынадай, – деп үш саусағын көрсетті Батырхан.

– Мәссаған, үшеу ме?

– Иә, үшеу, – деп қайталады бала ба-сын шұлғып.

– Ал айта ғой, қай жерге апарды сені?

– Білмеймін. Сәуле тәтенің ұй жағы сияқты.

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ

(Жалғасы бар)

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Алматы облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Ақтөбе облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Атырау облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Маңғыстау облысы	Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Қызылорда облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.
Түркістан облысы	

Батыс Қазақстан облысы	
------------------------	--

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zankreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №33 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты та-лап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтар-да Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31